

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақыттың үлгісінің бірі – ұлттық және жалпы адамзаттық терең туыстық сезімі арқылы өтіп жатқан, өзін-өзі анықтау мен ұлттық жаңғыру процестері болып табылады. Ұлттық тарихты бізге білу қажет, себебі онда жана қоғам құрылысшыларының қасиетті күш-қуаты жинақталған. Патриотизм, бабалар ісіне деген мақтанш әр адамда болуы керек. «Тарихи өлкетану» – қоғамдық және ғылыми пән. Тарихи өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы. Өлкетанудың негізгі міндеті – өлке жөнінде түрлі ақпараттар, материалдық ескерткіш үлгілерін, т.б. мәліметтер жинақтау. «Тарихи өлкетану» атты оқу құралында Қазақстандағы өлкетану ісінің бастаулары, Қазақстанды зерттеп-тану қоғамдары, ғылыми еңбектердің өлкетану жұмысында пайдаланылуы, орта ғасыр авторларының, Қазақстан тарихын зерттеуші орыс авторларының еңбектері және олардың өлкетану жұмыстарындағы ролі, сонымен қатар XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы қазақ демократиясы өкілдерінің еңбектері мен іс-қайраткерлігі, Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының қазіргі жай-күйі қарастырылған. Оқу құралында тарихи өлкетанудың түпдеректері, тарихи өлкетану жұмысының бағыттары, археологиялық, этнологиялық түп-деректер және олардың өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы және өлке тарихын оқып-білудегі олардың ролі ашып көрсетілген.

«Тарихи өлкетану» пәні атты оқу құралы студенттерге, оның ішінде болашақ тарихшыларға өлкенің заттық және рухани құндылықтарын танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

## Тарихи өлкетану – қоғамдық және ғылыми пән.

Тарихи өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы. Кешенді өлкетану осылардың бәрін бір-бірімен байланыста қарастырады, салалық өлкетану – географиялық, тарихи, этнографиялық, топонимикалық т.б. болып бөлінеді. Өлкетанудың негізгі міндеті – өлке жөнінде түрлі ақпараттар, материалдық ескерткіш үлгілерін, т.б. мәліметтер жинақтау. Пәннің мақсаты – студенттерді өлкенің тарихын қызғыштай қоритын, өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындай жолға даярлау болып табылады.

«Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» айтылған: «Тарихи ағарту және тәрбиелеу жастарды өз халқының рухани әлеміне баулуға, оның мәдениетінің, тарихының тамырларын үйрету, халық поэзиясы, музыкасын, бейнелеу өнерін түсінуге ықпал ету. Осы мақсаттарға орай өлкетану жұмысын жаңғырту, тарих, мәдениет және табиғат ескерткіштерін қорғауды күшейту керек».

Қазақстанда өлкетану ісі патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын-ала арнайы әскери экспедициялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енді. Ресей өкіметі 18-ғасырдың екінші жартысында қазақ жері, халқы, шаруашылығы, этнографиясы бойынша зерттеу жүргізу үшін алғашында Солтүстік және Батыс Қазақстан кейінірек Орталық Қазақстан аумағына экспедициялар ұйымдастырды. Қазақ өлкесін зерттеу жұмыстарына И.И.Лепехин, П.С.Паллас, П.И.Рычков, И.К.Кириллов, В.Н.Татищев, А.И.Левшин өз үлестерін қосты. Қазақ төңкерісіне дейін 19-ғ-да Қазақстанның ғылыми-танымдық өлкетануында Орыс география қоғамының 1868 жылғы Орынбор бөлімшесі жетекші орын алды. Бөлімше өлкенің географиясын, тарихын, этнографиясын, қазба байлықтарын және статистикасын зерттеумен айналысты. Бұл бөлімшемен қатар, Торғай статистика комитеті Орынбор ғылыми архив комиссиясы (1887) ашылды. Бұл өлкеде атқарылған жұмыстарға Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, Б.Дауылбаев, Т.Сейдалин, С.Жантөрин т.б. өз үлестерін қосты. Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал қаласы болды. Онда Орал казактарының тарихы мен шаруашылығына, балық аулау кәсібі мен шаруалардың қоныстану мәселесіне көбірек көңіл бөлінді. Омбы қаласында жергілікті жерді зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жанындағы география қоғамының бөлімшесіне бірікті. Батыс Сібір өлкетану қоғамдарына қазақтардан Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханов т.б. белсене қатысты. 19-ғ. аяғында Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінде саяси жер аударылғандар көп болды. Солтүстік Қазақстанды

зерттеуде өлкетану қоғамдары өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады. Өлкетанушылар этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минерология бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрды. Бұл Қазақстанға ғана емес бүкіл Сібірге мәлім мұражайлардың бірі болатын. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірін зерттеумен 1896 ж. Ташкент қаласында ұйымдастырылған Ресей географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесі, сондай-ақ ауылшаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы үйірмесі белсенді айналысты. Қоғамдарда Е.Букин, Н.Жетпісбаев, Ә.Диваев, К.Қостанаев зерттеулер жүргізді. Жетісуға П.П.Семенов-Тян-Шанский, кейініректе А.Н.Краснов, А.Ф.Голубев, М.И.Венюков экспедициялық сапарлар жасады. Сонымен қатар, 1896 жылдан жұмыс істей бастаған «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» Ресейдің ішкі губернияларынан келетін шаруаларды қоныстандыру үшін өлкенің барлық уездерін табиғи-тарихи және шаруашылық-статистикалық жағынан зерттеуге баса көңіл бөлді. Ғылыми танымдық материалдардың қорын жасауда, оларды жарыққа шығаруда облыстық статистика комитеттері үлкен роль атқарды. Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілік реформаларға байланысты 1886ж. Статистика комитеті «Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды» басып шығарды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда өлкетанудың тұрақты ғылыми мекемелері мен ғылыми-зерттеу институттары, қорықтар ұйымдастырылды. Өлкетану бойынша Қазақстанды зерттеу қоғамы аясында және Кеңес өкіметінің Қызыл керуен, Қызыл Отау шараларының негізінде көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде негізінен Қазақстанның табиғи ресурстарын игеру, шикізаттың жаңа көздерін ашу, индустрияландыру, елдің бет-бейнесін түбірінен өзгерту, кеңестік шаруашылықтар мен мәдени құрылыс бағдарламасын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қазақстан өлкетануында Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан, т.б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырылды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде

тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес, бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыстық, аудандық өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамыды.

### **Тарихи өлкетанудың түп-деректері.**

Адамзаттың тарихын ғылыми түрде зерттеуде көне заманның жәдігерлері түпдерек көзі болып табылады. Тарихи аңыздар мен шежірелер, жылнамашылар мен тарихшылардың жазбалары, әдеби шығармалар, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық түпдеректерді пайдаланумен қатар, тарихшылар өз зерттеулерінде топонимикалық-этимологиялық, нумизматикалық, геральдикалық т.б. деректерге де сүйенеді. Тарихи деректер - жазбаша деректермен қатар ауызша деректерді де қамтиды.

Адамзаттың өткен өміріне қатысты әртүрлі мәліметтер – тарихи деректер көзі. Заттай деректердің ең бастысы – көне дәуір ескерткіштерінен қалған қалдықтар. Адамзаттың өткен тарихын заттай деректер арқылы зерттейтін ғылым – археология деп аталады. Өлкені жан-жақты зерттеп, танып білуде археологияның орны ерекше.

Тарихи дерек көздерінің негізі болып табылатын этнографиялық мәліметтерді біз археологиялық қазбалар кезінде ашылған ертедегі адамдардың мекенжайларынан, тұрақтарынан, мола, қорым, зираттардан табылған заттарды зерттеу, салыстыру арқылы аламыз.

Тарихи деректерге – ауызша, жазбаша, этнографиялық, антропологиялық т.б. дерек көздері жатады. Жазу қалыптасқаннан бастап, жазбаша тарихи деректер пайда болды. Жазу – адамның ойын, пікірін білдіретін, хабарын жеткізетін таңбалар жүйесі. Ең алғашқы жазу бұдан бес мың жыл бұрын сурет, шартты белгілер түрінде еді. Тасқа, қышқа қашап жазылған сурет жазулары – пиктография. Сурет – жазудың ерекше дамыған түрі – иероглиф. Оның ерекшелігі суреттер белгілі бір ұғымды тұрақты түрде білдіретін шартты

таңбаға айналған. Иероглифтер қазіргі күнге дейін Қытай мен Жапонияда қолданылады. Ең алғашқы алфавитті бұдан үш жарым жыл бұрын финикиялықтар ойлап тапты. Қазіргі біз қолданып жүрген әріптерді ойлап табушылар – гректер.

Қолжазба материалы негізінен пергаментке, қағазға, қайың қабығына жазылған. ХІҮ ғасырдың 2-жартысына дейін кітаптар негізінен пергаментке жазылды. Теріге жазылған пергамент қымбатқа түсті. Қағаз ХІҮ ғасырдан бастап пайдаланыла басталды. ХҮ ғасырда пергамент қағазға ауыстырылды. Орыс қолжазбаларының үлкен бөлігі ХІҮ-ХҮІІ ғасырларда шетел өнімдерінің қағазына жазылды. ХІҮ-ХҮ ғасырда итальян қағазы, ХҮ ғасырда француз, ХҮІ ғасырда неміс, поляк қағазы шықты. Кейіннен голмена қағазы қолданыла бастады. ХҮІ ғ. бастап ресейлік қағаздар өндіріле бастады. Кітап басу ісі ХҮ ғасырда өмір сүрген Иоганн Гутенберг есімімен тығыз байланысты. ХҮ ғ. кириллица әріптерімен терілген алғаш баспа кітабы шықты.

Тарихы толық анықталмаған көне жазудың бірі – түрік халықтарының тас бетіндегі сына жазуы. Түріктер Ү-ҮІ ғасырларда руна жазуын пайдаланған. Ал Х ғасырдан бастап, қазақ даласына араб жазуы кең тарады. 1929 жылы араб алфавиті латын алфавитіне көшірілді. 1940 жылы кириллицаға көшірілді. Жазбаша тарихты тұңғыш рет қағаз бетіне түсіргендер жылнамашылар болды. Жазбаша тарихи деректердің тарихты, оның ішінде өлке тарихын зерттеп, оқып білуде маңызы зор. Жазбаша тарихи деректерге мыналар жатады: патшалар мен әкімдердің заңдары; мемлекеттік және сауда құжаттары; жылнамашылардың, әр заманда өмір сүрген тарихшылардың жазбалары; әр түрлі әдеби шығармалар.

Ауызша деректер – тарихи аңыздар мен шежірелер, мифтік аңыз әңгімелер, халықтың жыр-эпостары, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, салт-дәстүр жырлары.

### **Орта ғасырлық Қазақстан тарихы мәселелері ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басындағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде.**

Қазақ өлкесі мен тарихын зерттеу барысында тарихи мәліметтердің жинақталуы мен сипаты 1861 жылғы реформадан кейінгі Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы тез қарқынмен алға басты және сондықтан күн тәртібіне отарлық шет аймақтардың байлықтарын игеру, олардың ресурстарын зерделеу

мен зерттеу мәселелері қойылды. Мұнда орыс географиялық қоғамына едәуір мән берілді. 60-жылдардың өзінде-ақ оның Орынбор бөлімін ашу туралы қойылды. Орынбор генерал-губернаторы бөлім ашудың практикалық пайдасын көздей отырып, 1867 жылдың басында ішкі істер министріне былай деп жазды: «Мысалы, көп жерлерден белгілері табылса да, тас көмір кен орындарының болуы белгісіз, дала өңіріндегі егіншіліктің, демек, отырықшылықтың жағдайлары мен көлемінің мүмкіндіктері белгісіз. Оның бір жағында мәселелер және өте елеулі мәселелер туындап отыр, оларды шешу кезінде өлкені егжей-тегжейлі ғылыми зерттеудің кемшіліктері сөзсіз дерлік қателерге ұшырады». Елдің шығыс аудандарын, бірінші кезекте Сібір мен Қазақстанды игеруден кейін Батыс Сібір бөлімі ашылды. Омбыда Батыс Сібір деп аталатын бөлім ашу туралы өтінішті орталық қоғамға Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков жазды. Ол 1877 жылғы 30 шілдеде сол кезге дейін-ақ Омбыда болған Императорлық орыс географиялық қоғамының кейбір толық мүшелеріне өзінің арнайы Батыс Сібір бөлімін құру туралы өтініш жасағанын хабарлады. Бұл өтініш «аса жоғары мәртебелінің назарына ілініп», бөлімге жыл сайын 2 мың сом алып отыруға рұқсат етілді. Кейіннен бөлім туралы ереже бекітіліп, ол өзінің ғылыми жұмысын бастады.

XIX ғасырдың аяғында орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі ашылды. 1895 жылдың аяғында Түркістан генерал-губернаторы А.Б.Вребский императорлық орыс географиялық қоғамының алдында оның Түркістан бөлімін ашу туралы өтініш жасады. Сөйтіп бұл бөлім 1896 жылғы 20-мамырда ашылды. XIX ғасырдың аяғында қоғамның көптеген көрнекті өкілдеріне жергілікті жерлердегі бөлімдердің де кең-байтақ Қазақстан кеңістігін зерттеу жөнінде алға қойылған міндеттерді атқара алмай отырғаны белгілі болып, күн тәртібіне бөлімдер құрамында бөлімшелер ашу туралы мәселе қойылды. Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің ашылуы осылайша дайындалды. Өлкені зерттеу ісіне қосқан үлесі, сондай-ақ, өзінің ғылыми-практикалық жұмысы бойынша ол Қазақстанның шығысындағы аса ірі ғылыми мекемеге айналды. Бұған, біріншіден айдауда жүрген зиялылардың көптеп шоғырлануы ықпал етті, екіншіден, Семейдің өлкедегі ірі экономикалық және мәдени орталыққа айналуы себеп болды. Бұл жөнінде Семей облысының губернаторы А. Карпов Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі төрағасының атына жолдаған хатында 1898 жылдың өзінде-ақ жазған болатын. 1902 жылы Семей бөлімі ашылды: «Губернатордың ұсынысы бойынша, статистика комитетінің хатшысы Н.Я.Коншин бөлімшенің құрылуы туралы жазбасын оқып берді». Бұл жазбасында Н.Я.Коншин «білім үшін жүргізген

жұмысына қоса, Сібір бөлімі жергілікті өмірдің әртүрлі мәселелері мен қажеттеріне де сергек қарап, олардың шындық пен ізгілік мүдделерінде шешілуіне әрқашанда жәрдемдесуге тырысты...» деп атап өтті. Семей бөлімшесі облыстық әскери губернаторының өкімімен 1902 жылғы 31 наурызда ашылды.

XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Жетісу облысы елеулі рөл атқара бастады. Бұл бірінші кезекте, облысқа қоныс аударушылардың көптеп ағылып келуіне, сондай-ақ оның әлеуметтік мүмкіндіктеріне байланысты болды. Осылайша кең-байтақ облыстың экономикасын, тұрмысын, геологиясын, этнографиясын және т.б. жүйелі түрде ғылыми-қолданбалы тұрғыдан зерттеу орыс географиялық қоғамы қызметінің саласында алғашқы орындардың біріне шығып, соған байланысты Жетісу бөлімін ашуға әрекеттер жасалды. Семей бөлімшесінің жандана түсуі, бірінші кезекте, сол кезеңдегі Қазақстанның шаруашылық және саяси өмірінде Дала өлкесінің де, облыстың да рөлі артуымен байланысты. Семей облысында белсенділігі арта түскен демократиялық элементтерде аз рөл атқарған XX ғасырдың басында, әсіресе 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін Жетісу облысында Орыс географиялық қоғамның нақ сондай белсенділік көрсету байқалды. Қоғам өмір сүрген бастапқы кезеңде Ресейдің орыс емес халықтарының этнографиясын зерттеу жөнінде бағдарламалар жасауға әрекет етілді. «Халықтық заңдық ғұрыптарды жинауға арналған бағдарлама» осылайша жасалды. Оны этнография бөлімшесі жанынан құрылған Халықтық заңдық ғұрыптарды комиссиясы дайындады: «... сол қоғамның этнография бөлімшесінің төрағасы М.В. Калачевтің бастамасымен және П.А.Муновтың қызу қатысуы арқылы 1864 жылы заңдық ғұрыптарды жинауға арналған бағдарлама жасалып, зерделенді». Бағдарламада: «қолайлы жағдайлар болғанда Ресей шегінде тұратын бұратаналар тұрмысының тайпалық ерекшеліктерін де көрсеткен жөн болар еді» деп атап айтылған. Онда Ресейдің оған кіретін халықтарды зерттеу жөніндегі ғылыми топтары ден қоятын барлық тұрмыс ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Барлығы 425 сұрақ әзірленді. Ол 1889 жылы қайта шығарылды, сонымен бірге қайта өңделді. Бағдарламада жеке адамның да, тұтас алғанда қауымның да барлық өмірінің жақтары қамтылды. Бұл бағдарлама орыс емес халықтардың әлеуметтік, экономикалық және тұрмыстық жағдайларын 20 жылдан астам уақыт бойы қамтып келді. XX ғасырдың басында Ресей бұратаналарының әлеуметтік және экономикалық жағдайына деген ғылыми ынта-ықылас тағы да өсе түсті. Осыған байланысты 1914 жылы этнографиялық карталар жасау жөніндегі комиссияның сауалнама

сұрақтары. Ал 1915 жылы «Ресейдің тайпалық картасын жасау жобасы» жарияланды. 1917 жылы С.Ольденбургтің басшылығымен «Тайпалық карталар жасау жөніндегі нұсқау» жасалды, онда былай деп атап көрсетілді «қолданымдағы тайпалық карталарды... Орта Азия үшін, Сібір үшін масштабы - дюймде 40 шақырым болатын етіп, жеке парақтар және екі жиынтық тайпалар карта шығару жобаланды. Сібір мен Орта Азияға арналған екіншісінің масштабы — бір дюймде 100 шақырым». 1912 жылы көрнекті этнограф және орыс географиялық қоғамының мүшесі Л.Я.Штеренбергтің лекциясын тындаушылар оның лекциясы бойынша «этнографиялық материалдар жинауға арналған нұсқау» дайындады, ол кейін қазақтардың және басқа да азиялық халықтардың этнографиясын зерттеу ісіне елеулі үлес қосты. Қазақ халқының тарихи өткенін зерттеу жөнінде Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы зор жұмыс атқарды. XIX ғасырдың аяғында Ресейдің 29 губерниясында ғылыми мұрағат комиссиялары құрылды. Олардың негізгі міндеті өлкенің тарихы бойынша мұрағат деректемелерін жинап, жүйеге келтіру болатын. Сонымен бірге, олардың міндетіне губерниялардың аумағына археологиялық зерттеу жүргізу кірді. Сондай-ақ,, мұрағат комиссияларына жергілікті жағдайлар бойынша өзінің тікелей міндетіне қарамастан, елдің басқа да кез-келген ескерткіштерін іздеп табуды, суреттеуді және түсіндіруді өз жұмыстары шеңберіне енгізу жүктелді. 1881 жылы бұрынғы Орынбор генерал губернаторлығы кеңесінің мұрағат істерін ретке келтіру жөніндегі комиссия ретіндегі құрылған Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы ғылыми мекемеге айналды. Комиссияның жұмыс көлемін, мақсаттары мен міндеттерін анықтаған кезде 90 мыңнан астам істеп тұратын, олардың 1/10 бөлігі ғана мұрағатқа енгізілуге тиіс болған орасан көп құжаттардың құндылығын анықтау мен сақталуын қамтамасыз ету қажет екендігі байқалды. Алайда кездескен қиыншылықтарға қарамастан, 1887 жылдың желтоқсан санында екі адамнан тұратын Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы (ОГМК) құрылып, жұмысын бастады. Төрағасы болып П.Н. Ракков, орынбасары болып Т.Н. Аидриев, хатшысы болып «Оренбургский листоктың» редакторы И.И. Ефимовский-Мировид сайланды. Комиссияның басты мақсаты - мұрағат істерін ретке келтіру, Орынбор өлкесінің тарихын зерттеу, археологиялық және этнографиялық материалдар жинау болды. Күрделі мәселелердің бірі комиссияны материалдық жағынан қамтамасыз ету болды, неғұрлым кең қызметке қаражат жетіспеді. Алғашқы жұмыс жылында мұрағат құжаттары тәртіпке келтірілді, онда қазақтардың тарихы жөніндегі құжаттар, әкімшіліктің өкімдері, көрші мемлекеттермен сауда және қарым-қатынастар туралы



құжаттар көрініс тапты. Тұтас алғанда, істерде өлкенің алуан түрлілігі көрсетілді. Сондай-ақ өлкенің көптеген бағалы мәліметтер комиссияның мұрағат істерін тәртіпке келтіру жөніндегі қызметінің арқасында сақталып қалды. ОҒМК қызметін ұйымдастырумен бірге ғылыми баяндамалар оқылған отырыстар өткізілді. Мысалы, олар Г.Н: Зелениннің «Перовскийдің 1831-1833 жылдары Хиуаға жорығы туралы, Маңғыстау түбіндегі адайлар көтерілісі туралы және оларды басу туралы, » М.Л. Юдиннің «Қазақтар этнографиялық очерк» деген баяндамасы. Жергілікті өлкетанушылармен бірге комиссияның жұмысына В.В. Бартольд, С-Петербург Археология институтының директоры И.В. Покровский, академик В.В.Радлов құрметті мүшелер ретінде белсене араласты.

### **Тарихи өлкетану жұмысының бағыттары.**

Тарихты зерттеуде, өлкенің тарихын зерттеуде тарихи өлкетанудың әр түрлі бағыттарын түсіндіру, адамзат дамуының әр түрлі салаларымен байланыстылығын түсіндіру – пәннің негізгі қызметтерінің бірі болып табылады.

Өлкетану – туған өлкені жан-жақты зерттеп білу. Оның басты міндеттері – туған өлкедегі тарихи ескерткіштерді табу, белгілеу, оларды сақтау. Тарихты зерттеумен айналысатын археолог, этнограф, тарихшы мамандармен тығыз жұмыс жасау. Өлкетанушылар туған өлкенің тарихын, оның жер-су атаулары мен олардың, ата-бабалардың ескілікті қорымдары мен зираттары, көне жырлар мен нақыл сөздерінің білімпазы. Тарихи өлкетану 18-ғасырдан бастап жеке ғылым ретінде қалыптасты. Ресей патшасы І Петр 1713 ж. 13 ақпанда қаулы шығарып, осы бойынша қандай да болмасын тарихи құндылығы бар заттарды мемлекетке тапсыру керек деген шешім қабылдады. Сонымен қатар олардың қай жерде қандай жағдайда табылғандығын жазып алу керек делінген. Қазақстан өлкетануында Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан, т.б. қомақты еңбектер атқарды. Бірқатар тұрақты және маусымдық экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. 1973 жылы Кеңес Одағы жергілікті халықтар өлкесінің тарихын, экономикасын, мәдениетін, табиғатын зерттеп білуге қатысты арнайы

Бүкілодақтық туристік экспедициялар ұйымдастырылды. Туристік-өлкетану үйірмелері жұмыс жасады. Өлкетанудың жергілікті орталықтары ретінде тарихи-өлкетану мұражайлары, мәдениет үйлері, түрлі үйірмелер құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес, бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынып келеді.

### **Археологиялық түпдеректер және олардың өлкетану жұмыстарында пайдаланылуы.**

Қазақстан Республикасы егемендік алған соң рухани жаңару, мәдени мұра, тарихи жады мен құндылықтарға, ұлттық діл мен болмысты қалпына келтіру мәселелері мемлекеттік деңгейде көтерілді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама қабылданғалы қазақ жеріндегі тарих пен мәдениеттің жер бетіндегі дәрежелі өркениеттермен қатар дамып, оларға ықпал еткені, олармен тығыз байланыста дамығаны ерекше айқындала түсті. Қазақстан аумағындағы ерте және ортағасырлық сәулет ескерткіштеріне, тарихи және археологиялық нысандарға, олардың тарихына, құндылығына деген көпшіліктің көзқарасы өзгерді. Тарихи-мәдени және рухани мұраларымызды түгендеп, есепке алып, зерттеп дәріптеу егемендік алған соң ғана кең көлемде қолға алынып, жаңа дәрежеге көтерілді. Осымен қатар сонау тоталитарлық жүйе кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени Қазақстан мұрасын бағалай білген, оларды зерттеп танытқан археологтар болды. Атақты Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам М. Е. Массон сияқты ғұлама ғалымдар Қазақстан мен Орта Азияның археологиялық ескерткіштерінің тарихи құндылығын бағамдай білген, кеңестер кезінде қазба жұмыстарымен алғаш айналысқан, көптеген тарихи және археологиялық жәдігерлерді тауып, олардың алғашқы сипаттамаларын жасады.

Археологиялық ескерткіштер барлық елдерде ұлттық байлық болып есептеледі. Олар – жалпы халықтың меншік және мемлекеттік қорғауында болады. Археологиялық қазба жұмыстары физика, химия сияқты бірнеше тәжірибе жасалынбайды және қайталанбайды, сондықтан да археологиялық жұмысын маман археологтар жүргізеді.

Археолог арнаулы рұқсат – ашық бет (арқылы) алуы тиіс. Археологиялық ескерткіш территориясында ашық бетсіз жүргізілген қазба жұмыстары қылмыс болып есептеледі және ол жазаланады. Ашық бет 4 категориядан тұрады.

№1 форма. Археологиялық жұмыстың барлық түріне беріледі.

№2 форма. Шағын участка ашуға беріледі.

№3 форма. Археологиялық зерттеуге беріледі.

№4 форма. Табиғаттың стихиялық жағдайына байланысты жойылып кетуі мүмкін, немесе жер жұмыстары жүргізіліп жатқанда ойламаған жерден табылған ескерткіштерді зерттеуге беріледі.

Ашық бетті археологиялық мекеменің сұрауымен бір адамның атына бір маусымға беріледі. Ашық бет алған адам келесі жылдың бірінші мамырына дейін ғылыми есеп береді (ашық бет берген мекемеге). Ескерткіштің орналасқан жеріне жаңа құрылыс немесе жоспарлау жұмысын жүргізуге болмайды. Ескерткіш қоршаған жер қорық деп аталады. Ескерткіш бар деген жер радиусы 30м. қорған болып есептеледі. Ал территориясы белгілі ескерткіштердің радиусы 25м. қорған болуы керек. Ежелгі отырықшы жер, бейіт бар деген т.б. жерлердің қорған радиусы 200-300м. болуы керек. Бұл жерлерге үлкен құрылыс салуға болмайды. Талдар егіп егістік жасауға болады. Адамзат баласы археология ғылымының небір құнды тарихи ескерткіштерін танып біліп жатыр. Қазақстан жерінде 20-ғасырдың 50-90 жылдарында археология ғылымы ерекше дамыды. Көне Отырар, Сарайшық, Сауран, т.б. қалаларының орны зерттелді. Қала орнынан табылған көне заттар сол кездегі адамдар өмірін бейнелейді. Академик Ә.Марғұлан зерттеген Беғазы-Дәндібай ескерткіштері, Есік обасынан табылған «Алтын киімді» адам, «мұртты обалар» - археологияның баға жетпес қазынасы болып есептеледі.

### **Этнология. Туған өлке тарихын оқып-білудегі этнологияның ролі.**

«Этнос» – ел, халық және «графо» – жазамын, «логос» – зерттеймін. Этнография халықтарды, олардың тұрмысын, мәдениетін зерттейтін ғылым. Этнография грекше – халықтану. Этнография археологиямен, антропологиямен, географиямен және тіл білімімен тығыз байланысты. Ол дүниежүзіндегі халықтардың тұрмыс-салты, орналасуы, тарихи-мәдени қатынастарын зерттейді. Этнографияның тарихында үлкен роль атқарған белгілі тарихшы Татищев (XVIII ғ.). Ол халықпен сөйлескенде анықтылықты, дәлдікті талап етіп, алған ақпаратқа сын көзбен қарауды талап еткен.

1889 жылы Петербургтегі музейде алғашқы этнографиялық бөлім ашылды. Кейіннен ол СССР халықтарының этнографиялық мемлекеттік мұражайына айналды. Қазір біздің елімізде этнографиялық мұражайлар бар. Этнография ғылымында жиі кездесетін терминдер:

1. Нәсіл – физикалық түр ұқсастығы бар, шығу-тегі бір, белгілі бір территорияны мекендейтін халықтар жиынтығы.

2. Мәдениет – термині табиғаттан өзгеше, адамның өзі жасаған нәрсенің бәрі мәдениет болып табылады. Мәдениет - рухани, материалдық болып 2-ге бөлінеді. Рухани мәдениет – халықтың біліп, үйренген, салт, ғұрып, халық әдебиет, діндік наным-сенім, яғни ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазылған мәдениет. Материалдық мәдениетке заттар, еңбек құралы, тұрғын, шаруашылық үй, егін, тамақ, (үй жануарлары) киім, әшекей, транспорт, байланыс құралдары жатады.

3. Этнос – (халық), яғни шығу тегі, мәдениеті, тілі бір халық.

4. Неке – ер адам мен әйел арасындағы одақ.

5. Отбасы - өзіндік, әлеуметтік, экономикалық ұйым.

6. Некелік норма – қосылған адамдардың арасындағы салт-ғұрыпты бекітетін тәртіп.

Студенттердің этнографиялық іс-тәжірибесі кезінде төмендегідей этнографиялық материалдарды жинаудың әдістерін пайдалануға болады.

Этникалық қоғаммен, халықтың өмірі мен тұрмысын бақылау. Этнографиялық материалдарды жинаудың 2 әдісі бар:

1. Стационарлық әдіс. Мұндай әдіске 1 жыл немесе 2-3 айдан жоғары зерттеу объектісі болатын халықтың арасында жүріп зерттеу жұмысын жүргізу. Бұған Миклухо Маклайдың зерттелмеген Жаңа Гвинея аралында 1871-1872, 1877, 1883жж. папуастар арасында жүргізген зерттеулерін мысалға алуға болады.

2. Сезондық (маусымдық) әдіс. Бұл әдіс көбінесе сұрау арқылы жүргізіліп, құжаттар жинақталады. Жиналған деректер материалдық және рухани болып бөлінеді. Материалдық деректерге суретке түсірілген немесе жинақталған еңбек құралдары, үй, бұйым, т.б. жатады. Рухани деректерге салт-дәстүр, фольклорлық материалдар, фотокино т.б. құжаттар жатады.

Этнографиялық материалдар жинақталған соң, теориялық өңдеуге түседі, яғни классификацияланады. Дүние жүзінде 2200-2400 этникалық қауымдар бар. Классификациялау үшін географиялық, шаруашылық, мәдени, лингвистикалық әдістер қолданылады.

Іс-тәжірибеге баратын студенттер этнографиялық экспедициямен экскурсияға бару үшін қандай материал жинақтайтынын дәл білу керек. Студенттің не нәрсеге бейім екенін де ескеру керек. Мысалы, қыздарға «үй ішінің жиналуы» немесе «ұлттық тағам», «киім», «әшекей», ер балаларға «шаруашылық құралдары», «еңбек құралдары», «аң аулау» т.б.

Экспедиция кезінде маңызды орын алатын нәрсе:

1. Затты бейнелеп жазу.
2. Графикалық бейнелеу.

Материалдар дәптерге, экспедиция күнделігіне, графикалық материалдарға, фотоға, видеопенка, магнитофонға жазылады. Түзету, қосымша анықтау тек экспедиция кезінде ғана болады, кейіннен түзетуге болмайды. Дәптердің беттері нөмірленеді. Оған жазылған жер (облыс, аудан, ауыл) мәлімет алған адам, мәлімет сұраған адамның аты жөндері жазылып, дәптер жетекшіге тапсырылады және есепке жазылады.

### **Тарихи және мәдени ескерткіштер.**

«Тарихи-мәдени ескерткіштер – Ұлы Отанның бір қырын танытар айнасы» - деген Әлкей Марғұланның қанатты сөзі бар.

Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері дүниежүзілік мәдени мұраларының бір бөлігі. Қазақстанда ескерткіштер ғылым, оқу білімнің және мәдениеттің дамуына қызмет етеді. Тарихи өлкетанудың маңызды мақсаты – тарихи-мәдени ескерткіштерді табу, белгілеу, қорғау. Мұның бәрі жергілікті өлкетанушы – тарихшылардың, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың міндеті болып табылады.

Тарихи өлкетану пәнінің зерттеу объектісінің бірі - өзіне тән көне тарихы бар, қойнауы кенге, қыры малға толы, халқымыздың материалдық және рухани байлығын әйгілейтін археологиялық, архитектуралық, тарихи этнографиялық және әдеби мұралары мол, оны ертеден мекендеген халықтардың – оғыз-қыпшақ, түрікмен, ноғай қалмақ және қазақтардың көне мәдениеті мен тұрмысының түпнұсқалары туралы дерегі мол қазірде жаңарған, жасарған аймақ – Маңғыстау болып табылады. Қазақстанда тіркелген 25 мың тарихи ескерткіштердің 12 мыңы (олар көп өзгеріске ұшырамаған) Маңғыстауда. Осы кезге дейін сақталған ежелгі ескерткіштер – бұл өлкенің адамзат өркениетінің көп ғасырлық даму жолынан ешқашан сыртқары тұрмағанын аңғартады. Әр заман өз талабын қояды. Тәуелсіз Қазақстан азаматына Маңғыстау туралы

құпия сырлар жеткілікті, оны ашу, зерттеу, жұртшылыққа ұсыну – саналы өлкетанушының абыройлы міндеті (**Қосымша**).

Тарихи және мәдени ескерткіштер - тарихи ескерткіштер, архитектура мен құрылыс ескерткіштері, археологиялық ескерткіштер, өнер ескерткіштері, жазба ескерткіштері. Тарихи ескерткіштер – қоғамның мемлекеттің дамуында, халықтың өміріндегі елеулі оқиғаларға байланысты салынған құрылыстар, орындар. Археология ескерткіштері – қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, канализация жолдарының қалдықтары, тас мүсіндер, ескі заттар. Құрылыс және архитектура ескерткіштері – архитектуралық ансамбль, комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше, табиғи ландшафттар. Өнер ескерткіштері – мономентальды сурет, қолөнер бұйымдары. Құжаттық ескерткіштер – жазба, графикалық құжаттар, кино, фото, документтер, үн таспа, ескі қолжазба фольклор, музыка, баспа, сирек кездесетін баспа. Тарихи және мәдени ескерткіштер туралы заңға сәйкес тарихи, ғылыми, көркемдік, мәдени бағасы бар басқа да заттарды ескерткіштерге жатқызуға болады.

### **Топонимика – туған өлке тарихын зерттеудегі дереккөз ретінде.**

Топономика термині грек тілінен шыққан «топос» - жер, жергілікті және «онома» - атау деген мағынаны береді. Бұл географиялық атаулардың шығуы мен дамуын зерттейтін ғылым.

Біздің елімізде географиялық атаулардың пайда болуы өте ертеден басталады. Атақты қырғыз ойшылы Махмұд Қашқари түрік лексикасының «Диуани лұғат-ат түрік» атты үш томдық сөздігін ХІ ғ. құрастырған. Орыс жазбаларында да әр түрлі географиялық атауларды кездестіруге болады. С.Ремеровтың «Большому чертежу» және «Чертежной книге» атты кітабы маңызды топографиялық мәліметтерден тұрады. М.В. Ломоносов, Татищев және Миллердің еңбектерінде де аналитикалық топонимдер туралы мәліметтер бар. Топонимиканың дамуына маңызды үлес қосқан Востоков, Састерен, Даль болып табылады. Сол кездің белгілі тарихшысы Н.И. Надендин «тарихты білу үшін ең алдымен географиялық картадан бастау керек» - деп есептеді.

«Топонимика – бұл жер, ал жер болса адамзат тарихы (жазылатын) географиялық номенклатура негізінде жазылатын кітап» - деген болатын.

Топонимика —ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу

аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Топонимдер, яғни жер-су аттары, негізінен үш бағытта зерттеледі:

1. семантикасы (мағынасы);
2. жасалу жолдары;
3. этимологиясы.

Топонимика география, *тарих, тіл білімі, этнология* ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Топонимдер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге: жеке таулар, көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б. бөлінеді. Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып саналады. Өйткені сол аумақты мекендеген халықтың тілдерінен бай мағлұмат береді халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Кеңес кезінде топонимика жоспарлы және жүйелі түрде оқытыла бастады. Алғашқы топонимикалық сөздіктер пайда болды.

Топонимиканы тереңірек меңгеру үшін, ең алдымен бұл ғылымның терминдерін білу қажет.

**Антропоним** – адамдардың аты, тегі туралы.

**Анротопонимдер** – бұл жерге адам есімдерінің берілуі.

**Гидроним** - өзен, көл, арық, құдықтардың жалпы атауы. Ал бөліп қарастырар болсақ, *пелагонимдер* – теңіз атауы, *мемнонимдер* – көл атауы, *потамонимдер* - өзен атауы.

Сонымен қатар, детопонимизация, изололосса, калька, метафорлық атаулар, микротопонимика, халықтық этимология, ороним, спемоним, топоним, хороним, географиялық атаулардың этимологиясы атты терминдерді кездестіруге болады. Жергілікті географиялық термин жинағының ғылыми тұрғыда маңызы зор. Бұл жұмысты бастау үшін мұғалім ең алдымен өз өлкесінің топонимикасының әдебиетін білу қажет.

Жер-су атаулары табиғи ортаның тұрақты құраушыларының қатарына жатады. Атаулар кез-келген жердің, объектінің сыртқы сипатын, ішкі сырын көрсете алады. «Топонимика – жер тілі, ал жер кітап, сол кітапта адамзат тарихы географиялық атауларда сақталынып, жазылып қалған» Шынында да әр атау өзінше бір сыр шерте алады. Мамандардың есебі бойынша Қазақстанның орасан зор территориясында орта есеппен 2,5-3 млн географиялық орнау бар

екен. Егер бір шаршы километрге бір атаудан келеді деп есептеп, Маңғыстау облыстарында 150-160 мың топоним болуы керек, ал өлкенің сирек қоныстанғанын ескергеннің өзінде 100 мыңның 0 жақ бу жағында жер-су атауы бар екен. Ол әлі күнге дейін жинақтала қойған жоқ. Қазақстанның топонимист-географтары мен тіл мамандары әзірге 210 мың атаулық картотека жасақтаған, ал түсінік бере алғандардың саны 7-8 мыңнан аспайды. «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» Маңғыстаудың жер-су аттарының әр текті болатыны белгілі. Маңғыстауға қазақтар осыдан 250 жыл бұрын ойға түсіп, осыдан 150 жыл бұрын толық қоныстанып болды.

### **Қазақстандағы тарихи өлкетану.**

Қазақстанда өлке тарихын жан-жақты зерттеу, тарих ғылымының жандануы 19-ғасырдың 2-жартысынан бастау алады. Ол европаша білім алған қазақтың тұңғыш тарихшы ғалымы, шығыстанушысы, географы Ш.Ш.Уалиханов есімімен тығыз байланысты. Шоқан қазақ, қырғыз, ұйғыр, басқа да түркі тектес халықтардың тарихын зерттеді. Мысалы, ол қазақтар мен ноғайлардың этникалық жақындығы туралы алғаш пікір айтты. 19-20ғғ. шебінде А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, М.Шорманов, Қ.Халиди, Т.Сейдалин, А.Жантөрин, Нұрмұхамедов, М.Көпеев қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлес қосты. Олардың жазғандары қазақ тарихнамасында өлкетану еңбектері ретінде бағаланады. Сондай-ақ осы кезеңде жарық көрген 1911 ж. Орынборда Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ халқының құрылу тарихын ғылыми негізде зерделеген еңбек болатын. Әбілғазының шежіресі негізінде Н.А.Аристов, В.В.Радлов еңбектері жазылды.

20-ғасырдың бас кезі қазақ халқының ұлттық сана сезімінің рухани өркендеген дәуірі болды. Баспасөз беттерінде қазақ зиялылары (М.Тынышбаев, С.Асфендияров, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Ж.Көпеев, К.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов т.б. Отан тарихына байланысты жиі-жиі мақалалар жазды. 1925жылы Тынышбаевтың «Қазақ (қырғыз-қайсақ) халқының тарихы жөніндегі материалдар» деген еңбегі орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбекте қазақтардың негізін қалайтын ру-тайпалар, олардың таңбалары мен ұрандары, қазақтардың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер, қазақ жүздерінің пайда болуы, этникалық құрамы, қазақ хандығының құрылуы сияқты өзекті мәселелер ғылыми тұрғыдан талдауға алынған. Сондай-ақ,



Аспандияровтың 1935ж. жарық көрген «Көне заманнан бергі Қазақстан тарихы» деп аталынатын еңбегі де (орыс тілінде) 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан тарихына арналды. Ол қазақтардың тарихын патша үкіметі жаулағанға дейінгі және жаулағаннан кейінгі деп екі кезеңге бөлді. С.Асфендияров Ресейдің басқыншылық саясатын жүйелеп көрсете отырып, қазақ жерлерінің Ресейге өз еркімен қосылмағандығын дәлелдеді, бұл процестің прогрестік жол еместігін дәлеледеп берді. 20-жылдары республикада КСРО ҒА мен Географиялық қоғамның археологиялық-этнографиялық экспедициялары жұмыс істеді. (Ә.А.Диваев, А.В.Затаевич, Ж.Шанин) **(Қосымша)**

### **Ғылыми еңбектердің өлкетану жұмысында пайдаланылуы.**

13-14 ғғ. Ж.Қарши, Рашид-ад-Дин т.б. авторлардың және Батысевропалық саяхатшылар П.Карпини, В.Рубрук, М.Полоның шығармалары 12-13 ғғ. Түркі, монғол ұлыстары мен тайпалары тарихы бойынша мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Оларда Қазақстанды мекендеген ұлыстардың этникалық құрамы мен саяси тарихы, Орда Ежен ұлысы тарихы, Жошы ұрпақтарының генеологиясы, Шағатай ұлысында болған қырқысулар, Сыр бойы қалаларының қиратылуы жайлы т.б. деректер беріледі. 17-ғасырдағы автор Қ.Жалайыридың «Жамиғ-ат-Тауарих» шежірелер жинағында 13-15 ғғ.қазақ халқының тарихы мен этнографиясының аса қызғылықты деректемесі болып табылады және ол қазіргі қазақ тіліне өте жақын тілде жазылған. 17 ғ. соңы 18 ғ. басынан бастап Ресейдің және Батыс Европаның бірқатар елдерінің ғалымдары Қазақстан аумағы мен халқын, оның тарихын, мәдениетін, тұрмысы мен салтын зерттей бастады. Осы өлкені алғаш зерттеушілердің бірі С.У.Ремезов болды. Ол «Сібір халықтары және олардың шекаралары туралы сипаттама» деген еңбек жазып қалдырды. 18 ғ.алғашқы ширегінде Қазақстанда И.Д.Бухгольцтің, С.Лихаревтың, И.Унковскийдің және басқа ғалымдардың экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар Ертіс өзенінің алабын Зайсан көліне дейін, Тарбағатай тауларының және Жетісу Алатауының сілемдерін зерттеді. А.Бекович-Черкасскийдің ғылыми экспедициясы Арал теңізіне және Каспий теңізінің аумағын картаға түсірді. Сондай-ақ қазақ халқы туралы кейбір этнографиялық мәліметтер жинады. Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін оны ғылыми тұрғыда зерттеу ісі неғұрлым кең түрде және жедел қарқынмен қолға алынды. 1722 жылы құрылған Ресей ҒА Қазақстан өлкесінің географиялық,

геологиялық және этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін 1733 жылдың өзінде-ақ экспедиция ұйымдастырылды. 1733 жылдан 1771 жылға дейін Батыс Қазақстанға Академияның көптеген экспедициясы келіп қайтты. Бұл экспедицияларды С.П.Крашенинников, И.Г.Гмелин, И.И.Лепехин, С.П.Паллас, И.П. Фальк, П.И.Рычков т.б. басқарды. Орынбор тұрақты экспедициясы құрылды, оған И.К. Кириллов, П.И.Рычков, В.Н.Татищев сияқты белгілі орыс ғалымдары жетекшілік жасады. «Ертезаманнан бергі Ресей тарихы», т.б. еңбектерінде В.Н.Татищев қазақтардың тарихына зор көңіл бөлді, олардың этнографиялық тегі, тұрмысы, мәдениеті мен әдет-ғұрпы жөніндегі мәселелерді тұңғыш рет ғылыми әдебиетте баяндауға талпынды. Рычков, Паллас, И.И. Георги, Фальк, И.Г.Андреев, Г.И.Спасский, Н.Я. Печорин, С.В. Броневский, В.И. Даль, А.И.Левшин өздерінің еңбектерінде қазақтардың тарихын, материалдық және рухани өмірін егжей-тегжейлі баяндады. Өлке тарихына декабристер, сондай-ақ орыстың ұлы ақыны Пушкин де зор көңіл бөлді. Қазақтардың тарихы жөнінде «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген (1832 ж.) үш бөлімнен тұратын тұңғыш іргелі еңбек жазған А.И.Левшинді Ш.Ш.Уалиханов қазақ халқының Геродоты деп атады. Ал оның монографиясын ғылым үшін қымбат қазына деп бағалады. Белгілі орыс ғалымдары П.П. Семенов-Тян-Шанский (**Қосымша**), Н.М. Пржевальский, Г.Н.Потанин өлкені зерттеуге ғана емес, сонымен бірге Қазақстанды 19-ғасырдың екінші жартысы мен 20-ғасырдың басында демократиялық ғылыми ойдың қалыптасуына да зор үлес қосты. Осы аса ірі ғалымдар, сондай-ақ В.В. Григорьев, Н.В.Костылецкий, Е.П.Михаэлис, П.Е.Маковецкий, А.А.Блек қазақтың ағартушы демократтары – Уалиханов, Алтынсарин, Құнанбаевтардың рухани өсіп-толысуына тікелей ықпал етті.

Ресей Федерациясының шалғайдағы отары – Қазақстан 20-ғасырдың басында бірте-бірте капиталистік қатынастар аясына тартыла бастады. Алайда патриархаттық-феодалдық қатынастардың үстемдігі патша өкіметтерінің езілген халықтардың әдейі мешеулікпен қараңғылықта ұстаған отаршылдық саясаты шын мәнінде, қазақтарды әлеуметтік және ұлттық прогреске жеткізетін жолды жауып тастады. 20-ғасырдың басында қазақ балаларының басым көпшілігі әрі дегенде тек ауыл медресесінде ғана оқи алады, мұндағы оқу балаларға діни аяттарды жаттатумен шектелді. Қазақ жерінде 1916 жылдың қарсаңында небәрі бірнеше орыс және орыс-қазақ мектебі ғана болды. Ресей Ғылым Академиясының, басқа ведомстволардың ғалымдары Батыс Қазақстанға ара-тұра келіп қайтқанына қарамастан, Қазақстан тұтас алғанда ХХғ. Басына

дейін ғылыми тұрғыдан терең зерттелмей жатты, ал оның қойнауы табиғи шикізат қорларына бай болатын.

## **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағаттарындағы құжаттық материалдар.**

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты - еліміздегі өзінің қорында 1 миллион 500 мыңдай істер сақтап отырған ең ірі де жан-жақты мұрағат және республикадағы кеңес дәуірі кезеңі құжаттарының бірден-бір қоймасы. Кеңес кезеңіне дейінгі құжаттар негізінен патшалық отарлау әкімшілігі ұйымдарының: Орынбор шекаралық комиссиясы, Ішкі қазақ ордасын басқарудың уақытша кеңесі, округтік приказдар, облыстық басқармалар, Далалық генерал- губернаторы кеңесі, уездік басқармалар, статистикалық комитеттер, көші-қон басқармалары, санақ комиссиялары, облыстық және округтік соттар, жандарм және полиция басқармалары, тау-кен округтері, халық училищелері, оқу орындарының инспекторлары және т.б. қорларын құрайды. Мұрағатта кеңес дәуіріне дейінгі кезеңнің барлығы 770-тен астам қорлары сақталуда. Мұрағаттың ең көне құжаттары Семей кедені қорында сақтаулы 1732 жылғы құжаттан басталады және қор құжаттарында Жоңғар, Қытай және ортаазиялық хандықтармен сауда қатынасының тарихы орын алған. Кеңес дәуіріне дейінгі кезең құжаттарының хронологиялық шегі XVIII-ғасырдың аяғынан 1917-жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

Қазақстанда 1918 жылы мұрағат ісі қолға алына бастады. 1921 жылы Архив Бас басқармасы құрылып, тарихи құжаттарды жинастыру, өңдеу және ғылымға пайдалану ісі басталды. 1923 жылы мұрағат Маңғыстауда ашылды.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуымен мұрағат ісінің дамуы тығыз байланысты. Бүгінгі мекеме, ұйымдардағы жинақталған құжаттар ертеңгі құжатты ескерткіштер болып табылады. (1801 жылы Бөкей ордасындағы ең алғашқы мұрағат қағаздары.) Қазіргі құжаттар, ақпараттар тарихи-мәдени және практикалық құндылық болып табылады. Болашақ тарихи зерттеулердің түпдерек базасының толықтығы мен бай қоры қазіргі құжаттардың қаншалықты жақсы сақталынуына байланысты. 1998 жылы 22 желтоқсанда «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар» туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Соған байланысты Республикадағы мұрағат жұмысының құқығы нығайды. Қазақстан Республикасы ұлттық мұрағат қорында ұзақ уақытқа сақталатын практикалық маңызы бар құжаттар, жеке істер жөніндегі

құжаттар сақталады. Егер мекеменің құжаттары аз болса, немесе бос арнаулы орын бөлінбесе мұрағат құжаттарын металл шкафтарда сақтауға болады. Талаптар: санитарлық, гигиеналық өртке қарсы және күзет талаптары толық сақталуы керек. Мұрағат қоймалары суға кетпейтіндей кепілдікте өрт қауіпсіздігі сақталатындай және қосымша есігі болуы шарт. Қойманың сыртқы есігі темірмен қағылған болуы және жұмыстан тыс уақытта пломба салынуы керек. Электр желісі жабық жүргізілуі керек. Әрбір 50 шаршы метрге бір өрт сөндіру құралы болуы керек. Қойма күзет, өрт сигнализациясымен жабдықталуы қажет. Терезелерде іштен ашылатын металл торлар болуы қажет. Терезе солтүстік жаққа шығуы немесе қараңғыланып жабылуы қажет. Міндетті түрде:

- Күн сайын ылғалды тазалық жұмысы;
- Бөлмені желдету;
- Жылына дизинфекция, дезинфекция;
- Жылына бір рет стеллаждарды, құжат салған қораптың шаңын сору;
- Айына бір рет санитарлы күн өткізу қажет.

Мұрағат қоймасының жарақталуы:

- Металл стеллаждар болуы қажет. Стеллаж қатарларының арасындағы жол - 120см. Екі стеллаждың арасындағы жол - 75см. Қабырға мен стеллаж арасы – 75см. Төбе мен стеллаж арасы –40 см. Стеллаж арты мен қабырға арасы – 45см. Еденмен стеллаждың астыңғы бөлігінің арасы – 15-30см.

- Стандартты мұрағаттық қорапшалар болуы қажет.  
- Кондиционер ( желдеткіш) болуы керек.  
- Температура мен ылғалдылық режимді өлшейтін бақылау өлшеу құралы – термометр, гигрометр. Орташа температура +15 +20<sup>0</sup> С, ал ылғалдылық 45-60 % болуы керек.

- Тұрмыстық шаңсорғыш болуы қажет.

Құжаттарды қоймаларда сақтау тәртібі. Құжаттар қорапшаларда және хронологиялық тәртіппен орындалады. Қорапшаларға ярлық жапсырылады. Оған:

- Мекеме аты
- Қордың және тізімдеменің нөмірі.
- Жылдары
- Тізімдеме бойынша құжат нөмірі.

Қорапшаларды көлденеңінен немесе тігінен орналастыруға болады. Олар стеллаждың көлемінен асып кетпеуі шарт.

Қорапшалардың қалыңдығы 20 см-нен артық болмауы керек. Егер мұрағаттың қоймасы 2 немесе одан да көп болса, онда әрбір бөлме жазбаша индекспен нөмерленеді. Мысалы: (Қойма №А) Стеллаждар оң жақтан сол жаққа белгіленеді. Стеллаждағы қатарлар жоғарыдан төмен араб санымен ашық бояумен жазылады. Істі жылдам тауып алу үшін журнал-топографиялық көрсеткіш жасалады.

Р/с	Мекеме аты н/е істің аты	Қойма	Стеллаж	Сөре	Пр
1	2	3	4	5	6
1	Жоспарлау эконом.бөлім	Б	2	4	
2	Жалақы ведомості	А	1	2-3	
3	Жеке іс құжаттары	В	2	1-4	

1998 жылы 22 желтоқсан «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданғаннан кейін мұрағат ісінің автоматтандырылған бірыңғай жүйесі (бағдарламалық) және құжаттама жүйесі бағдарламалық кешені шегінде «Деректер базасы», «Мұрағаттық құжаттар» т.б. модульдер іске қосылады. Мемлекеттік маңызы зор құжаттарды электрондық жүйеде қабылдау қарастырылуда. Сондай-ақ құжаттардың құрамы мен мазмұны бойынша автоматтандырылған каталогтар, электрондық тізімдемелер, жөн сілтерлер, мұрағаттық анықтамалықтар жасалады.

Мұрағат құжаттарына пайдаланудың интерактивті режимде қол жеткізу үшін вебсайт құру және т.б. көзделген. Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағаты өз қызметінде Қазақстанның тәуелсіздік пен егемендік алған кезінен бастап жасалған құжаттық мұраларды қабылдап, оларды сақтауды мақсат етеді. Ол еліміздің егемендік алып, тәуелсіздік байрағын желбіреткен тұста жүріп өткен жолдың тарихи құнды деректерін ешқашан жоғалтпаудың жолы. Өркениеттің жетекшісі қашанда заманынан озып тұрған иелерінің, өнердегі ұлы тұлғалар мен халқының дара перзенттерінің тарих беттерінде қалған іздері, ғылымда өнерде қол жеткізген табыстары, тарихи құнды деректері болашақ ұрпақ үшін таптырмас қазына болары хақ. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының ғылым, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жеке қорларын мемлекеттік сақтауға қабылдау - Қазақстан Республикасының алғашқы ұлттық мұрағатының қызметіндегі негізгі бағыттарының бірі болып саналды. Сондықтан да Қазақстан Республикасының ғылым, мемлекет және

қоғам қайраткерлерінің жеке қорларын мемлекеттік сақтауға алу мұрағаттың қызметіндегі негізгі бағыттарының бірі болып саналады.

### **Мұражайлық өлкетану және ескерткіштерді қорғау ісінің дамуы.**

Әр елдің, өлкенің тарихы мен әлеуметтік дамуын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін мұқият сақтап, насихаттап отыратын мәдениет мекемелерінің бірі – мұражай.

«Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ жоқ» - деп Ғ.Мүсірепов атқандай мұражай ісінде адамзат қоғамы жинаған тәжірибелерді теориялық жағынан сараптамай оның ерекше мәнімен маңызын танымай төл тарихымызды білу мүмкін емес.

Мұражай тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме болғандықтан, студенттерге, оның ішінде болашақ тарихшыларға заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Ал мұражайтану болса, музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттейтін ғылым. Мұражайтану мұражай ісінің теориясы және тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік негіздерін жасайды, мұражай ісіндегі тарихи-ғылымдық, танымдық тәжірибелерді қорытындылайды.

Мәдениет орындарының оның ішінде мұражайлардың халыққа қызмет етуі, біріншіден, мәдени қызмет көрсетуді қоғамдық сұранысқа жұмыс мазмұнының сай болуы. Екіншіден, көрерменге әсер ететіндей өзіне тән ерекшеліктерді кең ауқымда пайдалана білуінде. Мұражай ерекшелігі оның қызметінің негізгі табиғатының материалдық және рухани өмірдің ескерткіштері болуымен анықталады. Бұларды мұражайлық заттар деп атайды.

Мұражайлық заттар – табиғаттағы және қоғамдық өмірдегі болған процестермен оқиғалардың және құбылыстың түпнұсқалық мұрағаттары болған ақиқаттың айғақтық жәдігерлері заттың мұражайлық маңызы оның беретін ақпараттарының әлеуметтік, ғылыми, мәдени-тарихи, көркем және эстетикалық құндылығымен бағаланады. Кез-келген зат мұражайлық мұрағат бола алмайды. Мұражайлық затқа тән осы қасиеттері адамға жанды әсер етіп, ғылымның дамуында, білім беруді жетілдіруде және жоғарғы деңгейдегі тәрбие

жұмыстарын іске асыруда мұражайдың әлеуметтік ролін түсінуде мүмкіндік береді. Бұл халықты тарих арқылы тәрбиелеу, жастарды өткен замандармен қазіргі кезеңнің, мәдени құндылықтарына назар аударуға олардың рухани нәр алуға бағытталған мақсатты жұмыстардың негізгілерінің бір саласы болуға тиісті. Өлкетану әлеуметтік-мәдени тәжірибенің көптеген саласында маңызды орын алады. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен зерттеуде, мемлекеттік архив, мұражай қорларын жинақтауда, халықтың тарихи сезімін қалыптастыруда тарихшылар мұражай мен архив қызметтері көп жағдайда соған байланысты болады.

Еліміздің егемендік алуы, оның өткендегі тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрінің мәнін аша түсті. Ал, оны халыққа танытуда мұражайдың орны ерекше. Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасу, даму дәрежесіне келсек, бұл дүние жай ғана бағалы заттарды сақтайтын орыннан басталған. Ол бүгінгі Қазақстанның орталық мемлекеттік мұражайы болатын. Бұдан кейін де Қазақстанның басқа да жерлерінен де мұражайлар ашылып, 1913 жылы оның саны 3-ке, 1927 жылы 6-ға, 1937 жылы 19-ға, 1939 жылы 25-ке, 1970 жылы 29-ға жетті. Қазақстанда мұражайдың дамуы мен көркеюі, XX ғасырдың 70-80 жж. аралығы. Соның нәтижесінде 1990 жылы олардың саны 88-ге жетті. Оның ішінде 38-і тарихи өлкетану, 22-сі мемориалдық, 11-і көркемөнер, 5-і этнографиялық, 6-ы салалық, 6-ы мұражай қорық болып табылады. Қазақстанда аталған мұражайлардың көпшілігі тарихи өлкелік мемориалдық, тарихи революциялық деңгейден аса алмады және де кейінгі кеңес дәуірінде тарихқа тым тар шеңберлер, негізінен тек таптық тұрғыдан қарап келген кезеңде қалыптасты.

Қазақстандағы мұражайлардың әрқайсысына баға берер болсақ, Алматыдағы М. Әуезов, Ә. Қастеев атындағы республикалық кітап мұражайы, Семейдегі Абай мұражайын ерекше атап өткен жөн. Кітап мұражайының ашылғанына жарты ғасырдан асты. Кеңес үкіметі кезінде Москва мен Киевтен кейінгі 3-ші мұражайдың бірі болған мұндай мұражай кешегі одақтас республикаларда жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымына тіркелген 200-ден астам мемлекеттің 54-де кітап мұражайы бар.

### **Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының қазіргі жай-күйі.**

Өлкетанудың көрнекті өкілдерінің ойларының творчестволық мұрасын зерттеу, отандық мектептің өзгешілігін анықтау, осы мәселелермен айналысу қазіргі күндері өте қажет. Тарих ғылымы тарихи шындықты орнату үшін ұмыт қалған есімдерді қайтару қажет. Тарихи өлкетанудың пайда болуы XIX-ғасырда

болса, жергілікті зерттеушілер мен өлкетанушылар Қазақстанның ірі қалаларында ашылған мұражайлар мен Орыс географиялық қоғамының төңірегіне біріге бастады. Кейін қалалар тарихы мен ондаған статистикалық комитеттерді тарих және мәдениет мамандары зерттеді, бірінші ғылыми қоғамдар құрылып ғалымдар мен әуесқой өлкетанушыларды біріктірген қалалар революциядан бұрынғы өлкетану орталықтары болды. Бұл мәселенің тарихнамасы жеткіліксіз немесе шағын үзінді ретінде зерттелген. Мәселенің жекелеген аспектілермен мына ғалымдар айналысты:Ерофеева А., Масанов Е., Есеналина Ж., Сабырханов А., Кононов А., Лунин Б.В., Ахметова С.И, Қасымова А., т.б., әрі ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелердің еңбектері болып табылады.

Осындай маңызды мәліметтер революциядан бұрынғы өлке тарихы, қазақ-орыс қарым-қатынастарына арналған мәселелер Н.В. Алексеенко, М.А.Асанов, В.Я.Басин, М.Бижанов, В.Галиева, Д-И.Дулатова, Ж.К.Касымбаев, А.М.Қимасов, АА.Горячев еңбектерінде дәлелденді.

Тарихи өлкетанудың пайда болуы ХІХ-ғасырда болса, жергілікті зерттеушілер мен өлкетанушылар Қазақстанның ірі қалаларында ашылған мұражайлар мен Орыс географиялық қоғамының төңірегіне біріге бастады. Кейін қалалар тарихы мен ондаған статистикалық комитеттерді тарих және мәдениет мамандары зерттеді, бірінші ғылыми қоғамдар құрылып ғалымдар мен әуесқой өлкетанушыларды біріктірген қалалар революциядан бұрынғы өлкетану орталықтары болды. Бұл мәселенің тарихнамасы жеткіліксіз немесе шағын үзінді ретінде зерттелген. Мәселенің жекелеген аспектілермен мына ғалымдар айналысты: Ерофеева А., Масанов Е., Есеналина Ж., Сабырханов А., Кононов А. Лунин Б.В., Ахметова С.И/5/, Қасымова А. ж.т.б., әрі ғылыми-зерттеу институттары мен мекемелердің еңбектері.

Осындай маңызды мәліметтер революциядан бұрынғы өлке тарихы, қазақ-орыс қарым-қатынастарына арналған мәселелер Н.В. Алексеенко, М.А.Асанов, В.Я.Басин, М.Бижанов, В.Галиева, Д-И. Дулатова, Ж.К.Касымбаев, А.М.Қимасов, АА.Горячев еңбектерінде дәлелденді.

Қазақстанның өлкетануында, ХХ-ғасыр бойына қазақ жерін этнографиялық жағынан жаппай зерттеу жүргізілді, қазақ аулының мәдениеті мен тұрмысына ғылыми талдау жұмыстары жарияланды. Қазақстанның археологиялық картасы жасалды. Бірқатар тұрақты және маусымдық



экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, өсімдік, жануарларын, жалпы табиғатын кешенді зерттеу және тарихи-археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен қатар жергілікті халықтың мәдениетін, тілін, өнерін ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен де айналысты. Қазақстан өлкетануында Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан, т.б. қомақты еңбектер атқарды. Ежелгі Отырар мен оның төңірегінде, орталық Қазақстанда кең көлемді қазба жұмыстары өріс алды. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 1991 жылы одан бөлініп жеке отау тіккен Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының ғалымдары Қазақстанда археологиялық тұрғыдан кешенді зерттеу жұмыстарын жалғастырды.

### **Шетел саяхатшыларының, зерттеушілерінің, ғалымдарының Қазақстан туралы жазбалары мен зерттеу еңбектері.**

Елбасының бастамасымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қазіргі кезде заңнамалық, материалдық және моральдық ахуал қалыптасып, ізденіске жол ашылды. Әсіресе басқа да қажетті тақырыптармен бірге Қазақстан тарихы мен мәдениеті жөніндегі шет елдердегі түрлі жәдігерлер, ағылшын, француз, неміс, үнді, парсы, қытай, түркі т.б. тілдердегі туындыларды жинақтау (не көшірмелерін алдырту), оларды қазақ тіліне аудару туралы байыпты да байсалды ой-пікірлер мәнісі ерекше деп бағалауға болады.

Гуманитарлық ғылымда таптық көзқарастың үстемдік жағдайынан плюралистік көзқарасқа көшу бір тілде жазылған еңбектерді оқып-тоқу негізінде қалыптаспайды. Кеңес заманында біздің оқырмандарымыздан оқшау сақталынған шет ел ғалымдарының шығармаларын, не олардың көшірмелерін елімізге алдыру, оларды студенттердің де, ғалымдардың да игілігіне айналдыру халқымыздың рухани сұранысынан туындайды.

Ұлыбританияда В.Конноли, Х.Сетон-Уонсон, А.Шихи, ДЖ.Уилер, Францияда А.Беннигсен, Каррер д Анкос, З.Лемерсье-Келькеже, Америка Құрама Штаттарында Э. Бэкон, Л.Крадер, М.Рывкин, Р.Олуорд, Германияда Э.Саркисянц, Б.Шпулер, т.б. бастаған профессорлардың Қазақстан туралы еңбектерінсіз біздің тарихи танымымыздың толық болуы мүмкін емес.

Еуразия кеңістігі, оның ежелгі тұрғындары жөніндегі мағлұматтар, сак, массагет, исседон, дай т.б. тайпалар, олардың тіршілігі, тұрмыс-салты туралы мәліметтер Геродот заманынан бастап жазыла бастады. Маңғыстау өңірі де ежелден саяси, мәдени, этникалық, интенсивті байланыстардың аймағы болды. ҮІ-ғасырда Түрік қағанаты мен Визхантия арасында дипломатиялық қатынастар орнады. ХІІІ- ХІҮ ғасырларда бүгінгі Қазақстан жерінде П.Карпини, В.Рубрук, М.Поло, Г. Де Клавихо бастаған адамдар болып қайтты. Оларға Джованни Мариньолли, Г. Шильтбергер, И.Барбаро, А.Контарини, С.Герберштейн, А. Олеарий, т.б. миссионерлер, көпестер, дипломаттар легін қоссақ, іздестіретін материалдардың қатары көбейе түседі.

ХҮІ ғасырдың 50-60-жылдары ағылшын көпесі А.Дженкинсон Қазақстан жері арқылы Иранға (Персияға) саяхат жасап, өз күнделігінде қазақ ханы Хақназар (1538-1580ж.), оның Сыр бойындағы қалалар үшін күресі туралы қызықты мәліметтер жазып қалдырды. Оның сол кезеңдегі қазақ елін «Қазақия» («Cassaskia») деп картаға түсіргені ғаламдар назарынан тыс қалмауы керек. А. Дженкинсонның мәліметтерін Иранға барып қайтқан Ричард Джонсон, (1565-1567ж.), Артур Эдвардс және Лоренц Чэпман (1568ж), ХҮІ-ғасырдың өзінде шығыстың біраз бөлігін аралаған Антон Марш пен Фрэнсис Чэрри толықтыра түсті.

ХҮІІ ғасырда қазақ жері арқылы Қытайға барып қайтқан батыс европалық дипломаттар, саяхатшылар мен миссионерлердің (Б.Гоэс, Ф.Авриль, Н.К.Витзен, т.б.) күнделік жазбаларының өзі бір төбе. Оларда да қазақ тарихы, этнологиясы туралы материалдар баршылық. Мысалы француз тарихшысы А.Мотрэннің күнделігінде Кіші жүз қазақтарына жеріндегі қалалар, олардың бірінде табылған көне жазба туралы сөз болады. Ал 1711 жылы Амстердамда жарық көрген Корнелий де Бруинның көлемді еңбегінде 300-ге тарта сурет берілген, олардың ішінде қазақтар, қалмақтар мен ноғайлардың антропологиялық түрі жөнінде суреттер де кездеседі.

ХҮІІІ ғасырдағы шетелдік нарративтік дереккөздері ішінде 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Арал теңізі маңындағы ордасында болғаны жөніндегі ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің күнделігі- өте сирек, әрі құнды жәдігер. Ескі готикалық цифрмен 1784 жылы жарияланған бұл құжаттың қазақ тіліне аудармасы 1996 жылы жарық көрді. Күнделіктің бір құндылығы – Джон Кэстльдің арқасында Әбілқайыр ханның, Бопай ханымның, Ералы сұлтанның, Күдер батырдың суреттерінің сақталып қалуы.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда болып, құнды материалдар жинап қалдырған ағылшындар Джеймс Абботтың (барлаушы), Томас Аткинсонның (суретші), Х.Ланделлдің (миссионер), неміс ғалымдары О.Финш пен А.Бремнің, шведтер Х.Мозердің, С.Гединнің, француздар Э.Буланжье, Ч.Уйфальвидің, американдық дипломат Ю.Скайлердің еңбектері де оқырман түсінігінің көкжиегін кеңейтеді.

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбаевты Батыс әлеміне бірінші болып таныстырған да америка журналисі және саяхатшысы Джордж Кеннан болатын. Оның XIX-ғасырдың 80-жылдарында Семейде болған кезінде саяси жер аударылған А.Леонтьевтен Абайдың қалалық кітапханада Батыс классиктерінің еңбектерімен танысып жүргендігі туралы естігені оқырмандар есінде болуы керек. Осы хабарды толықтыра түсуге қажетті материалдар табылар ма екен деген ниетпен, Дж.Кенанның Нью-Йорк кітапханасында саяхат кезіндегі жазбалары, фотокөріністері сақталған қоры бар екендігін айтып, қазақ тілінде де («Азия»), ағылшын тілінде де («Қазақстан») мақалалар жарияланды.

XX ғасырдың 20-50-жылдары жарық көрген П.Пельоның қыпшақтар, О.Прицактың қарлұқтар және Қарахан әулеті Р.Васмердің караханидтер, Э.Доблхоффердің «Византия империясы және шығыстық варварлар», М.Данлоптың хазарлар туралы зерттеулері де осы уақытқа дейін ғылыми құндылығын жоғалта қойған жоқ. В.Рязановскийдің «Көшпелі тайпалардың әдеттік заңы» монографиясы, Л.Крадердің «Монғол-түрік бақташы көшпелілерінің әлеуметтік ұйымдары», М.Раевтың «Сібір және 1822 жылғы реформа», Дж. Уорделдің «Қырғыз даласында», т.б. еңбектер жөнінде де осыны айтуға болады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде тұтқынға түскен австриялық Г.Кристің, ағылшын жазушысы және тарихшысы Р.Фокстың, америка инженері Дж. Литтлпейдждің Қазақстанда азамат соғысы жылдарында болуы да, 30-жылдары қазақтардың аштыққа ұшырауын суреттеп жазуы да олардың естеліктерінің құжаттық маңызы бар жәдігерлер екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, Э.Соколдың (АҚШ) қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тарихына жеке монография арнағанын да, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі жөніндегі еңбектерін де біреу біледі, біреу білмейді.

Отан тарихының іргетасын қалайтын істердің бірі - мың жылдан астам тарихы бар араб, парсы, үнді, моңғол, түркі, маньчжур тілдерінде орта

ғасырлардан бері қарай баяндалып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан қолжазбалар мен кітаптарды жинастыру, олардың көшірмелерін алдырту. Бұл мәселенің тағы бір қыры бар. Ол шетелдерде ХҮІІІ ғасырдан бері қарай түркі халықтарының елдігі мен жоғары мәдениеттілігінің ескерткіші болып табылатын руникалық жазбаларды, кейінгі кезеңдегі Орта Азия мен Қазақстан туралы шығыс авторларының қолжазбаларын, құжаттарын, ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударып, алғысөздер және ғылыми түсініктемелермен жарылауға зор мән беріліп отыр.

ХҮІІІ ғасырдың 20-жылдарында Енисей аңғарында (Д.Мессершмидт, Ф.Страленберг), ХІХ-ғасырдың аяғы ХХ-ғасырдың басында Әулиеата мен Верный маңында (О.Доннер, К.Мунск, В.Томсен), 1909 жылы Селенга өзенінің оңтүстігінде Орталық Монғолида (Г.Рамстедт) руникалық жазба ескерткіштерінің ашылуы және олардың мәтіндерін оқудың кілтін табу мен пайымдау (В.Томсен, Ю.Немет, Х.Хейкель, К.Брокельман, А.Бомбачи, т.б.) әлеуметтік, әскери-саяси тарихы, олардың этникалық және тілдік атрибуциясы, көрші халықтармен қарым-қатынастары туралы бірегей материалға қол жеткізді.

Орхон-Енисей және Талас жазбаларын зерттеу нәтижесінде VI-VIII-ғасырлардағы түркі халықтарына басқаша қарауға, ғалымдардың түркі империясының аталмыш уақытта көптеген халықтар мен мемлекеттердің тағдырында тарихи рөл атқарғандығы туралы тұжырымға келуіне мүмкіндік туды.

ХІХ ғасырдың өзінде-ақ Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар кезеңіндегі тарихын зерттеуде батыс ғалымдарының еңбектері ғылыми дәйектілігімен, шығыс қолжазбаларын ғылыми айналымға қосуымен, оларды терең зерделеуімен ерекшеленді.

1936-1840 жылдары араб географы әл-Идрисидің (1100-1165ж.) «Нузхат әл-муштак фи-хтирак әл-а фак» еңбегі жарық көрді. Онда орта ғасырларда Қазақстан территориясын және көршілес елдерді мекендеген қыпшақтар, оғыздар, қарлықтар, түргештер және басқа тайпалар туралы маңызды деректер кездеседі. Бұл сияқты тарихи туындылар аз емес, тек солар ыждаһатпен жинақталса.

Э.Росс (1870-1940жж.) 1927жылы «Тарих-и Мубарак-шахи» деген көне түркі тарихы бойынша дереккөзі болып табылатын парсы тіліндегі үнділік шығарманы оқырмандарға жеткізді. Ол 1895 жылы Мұхаммед Хайдар-

Дулатидің «Тарих - Рашиди» шығармасын ағылшын тіліне аударып, түсініктемелермен бастырып шығарған болатын. Қазақ хандығының құрылуы туралы мәлімет беретін бұл ескерткішті зерттеуді кейінгі уақытта профессор Карл Ян (1906-1985ж.) қолға алды. Ол «Рашид ад-Диннің белгісіз шығармалары», «Рашид ад-Дин оғыздар мен түріктер тарихы» туралы деген мақалалар, «Түріктер және шығыс славяндар» деген монография жариялады.

Хасан бек Румлудың (1530ж.) он екі томдық «Ахсан ат-таварих» деген парсы тіліндегі еңбегінің 12- томы 1931 ж. Ч.Седонның аударуымен Үндістанда жарық көрді. Бұл томда Бұрындық, Қасым, Хакназар хандардың басшылығымен жүргізілген қазақтардың іс-әрекеттері, Пуа-и Хатун түбінде түрікмендермен ұрысы сөз болады.

Шығыс қолжазбаларын өз тілдеріне аударып, бастырып шығару Еуропаның біраз елдерінде ғылыми қызметтің дәстүрлі бағытына айналды. 1898 жылы И.Маркварттың (1864-1930ж.) «Көне түрік жазбаларының хронологиясы», ХХ-ғасырдың 20-жылдарында В.Бангтың (1869-1939ж.) «Берлин институтындағы түркілік жазбалар» деген еңбектері де жарияланды. 1935 ж. Неміс ғалымы Э.Хэниш ХІІ ғасырдағы «Моңғол-ун ниуча тобчан» деген моңғол мәдениетінің құнды еңбегін неміс тіліне аударып шықты. Ол Орталық Азиядағы түркі тайпалары тарихының да маңызды дереккөзі болып табылады. Онда Шыңғысханның наймандар, керейіттер, оңғыттар, ұйғырлар мен қарлықтарды бағындыруы тәптіштеліп баяндалады.

1939 жылы А.Сауэр араб саяхатшысы Абу Дулафтың Қытай мен Үндістанға жасаған сапарының жолжазбаларын –«Рисаларын» неміс тілінде жариялады. Онда да қимақтар, оғыздар, қарлықтар, чігілдер және басқа да тайпалардың шаруашылығы, діни сенімі, тұрмысы туралы мағлұматтар кездеседі.

Шығыстық қолжазбалар батыс елдерінде түгелге жуық есепке алынған. Осыдан жүз жылдай бұрын (1897-1914 жылдар аралығында) Германияда «Шығыс библиографиясы» дайындалды, оған қытай, парсы, араб ғалымдарының Орталық Азияға қатысты еңбектері енді.

Бұл секілді бізге үлгі боларлық батыс үрдісінен ұғатынымыз, бірінішіден, шет елдерде мәдени мұраларды жинастыру, дүниежүзілік өркениет жетістіктерін ұлт мүддесіне пайдаланудың тым ерте басталғандығы; екіншіден, бұл жұмыстың жүйелі де ыждағатты түрде екі ғасыр бойы жүргізіліп жатқандығы.

Бізде ондай мүмкіндік тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін ғана пайда болып отыр. Әсіресе басты назар аударатын мәселе- шығыс қолжазбаларын түпнұсқа күйінде сақтап қоймай, оларды өз тілдерінде бастырып шығаруы. Еліміздегі «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты- классикалық әдебиет ескерткіштерін де, Қазақстан туралы батыс, шығыс ғалымдарының еңбектерін де қазақ тілінде сөйлетіп, оқырмандарға ұсыну. Яғни, «Мәдени мұра» бағдарламасының жалпы мазмұны дүниежүзілік өркениет тәжірибесімен толық сәйкес келеді.

Еуропалық ой-пікірдің түлегі Аристотель де «марксизмнің үш қайнар бұлағы» есептелінген Кант, Фейербах Гегель де Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы мол мағлұматы бар, өзіндік пайымдауға негізделген нақтылы еңбектер де қазақ тіліне аударылып, жинастырылуы тиіс. Оларды орыс тілінде топтастыру деген кейбір ұсыныстар «Мәдени мұра» бағдарламасының түп мақсатын түсінбеушіліктен туындайды. Себебі, тарихымызда теңдесі жоқ бұл жоба алдағы жылдары мемлекеттік тілге толық көшу бағдарламасы мен тығыз байланысты, тіпті оның алғы – шарты болып есептелінеді.

Көңілде жүрген мына бір деректер де бізді қатты қызықтырады. М.Шоқай Берлин университетінің түріктану факультетін бітірген, кейін осы оқу орнында профессорлық қызмет атқарған Йохан Бенцигпен аралас –құраласта болған. Қазақ тілін жетік меңгерген неміс ғалымы М.Шоқай өлгеннен кейін де оның үйіне, жұбайы Мария Яковлевнаға келіп- кетіп тұрған. Оның қорында да М.Шоқай туралы деректер болуы әбден ықтимал. Ең бастысы, И.Бенциг 1929 жылы Берлинде М.Жұмабаевтың неміс тілінде өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Мұндай жәдігерліктерді де іздестіріп, елімізге қайтару - парыз.

Гарвард университетінің (АҚШ) кітапханасындағы Л.Троцкийдің жеке қорында да 30-жылдары Қазақстанда орын алған оқиғалар туралы жазбалар болуы мүмкін. Себебі, сол кезеңде Троцкий саяси жер аударылып, Алматыда тұрған және ішкі істер Халық Комиссариатының астыртын құжаттарына қарағанда, кейбір қазақ басшылары онымен қарым-қатынаста болған. Кеңес Одағы территориясынан шетелге жер ауғанда Троцкий мұрағатты өзімен бірге ала кеткен.

Түркияның мұрағаттарында Алтын Орда, кейінгі кезеңдегі қазақ хандарының хаттары мен басқа да жолдау қағаздары бар. Бұл тұрғыдан түрік елінің мұрағаттары ерекше назарға алынуға тиіс.

Г.Н. Потанин Орталық Азияда жүргізген кешенді түрде жүргізген зерттеулерінде география, фольклор, этнография, тарих, ботаника т.б. ғылымдарға зор үлес қосқанын көреміз. Сібір кадет корпусында қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлихановтың оқығанын мақтан етпейтін қазақ жоқ. Бұл оқу орнының Г.Н. Потаниннің дүниетанымын қалыптастыруда орны ерекше болды. Өйткені, дәл осы жерде ол Шоқанмен бірге оқып, одан көп нәрсені үйренді, оның дарындылығына, біліміне тәнті болды. Ә. Марғұлан Шоқан өмірі туралы очерк жазса, Шоқан мен Г.Н. Потанин арасындағы достық көптеген авторлардың зерттеулерінде кездеседі. Ал, М. Малышева мен Познанскийдің мақаласында Г. Потанин Шоқаннан үлкен тағылым алғандығы айтылған. Бұл еңбектер Омбы облысының мемлекеттік мұрағат құжаттарын молынан пайдаланғандықтан құнды деп есептейміз. Потаниннің өзі Қазақстан қалаларының ішінен Семей туралы жазғанын, ал бұл туралы қалалар тарихын зерттеуші Ж. Қасымбаев еңбегінде айтылғанын атап кетуге болады. С.Ф. Ольденбург, В.А. Гордлевский айтқандай Г.Н. Потанин Шығысты еуропалықтардың санасына енгізіп, оны дүние жүзілік мәдениеттің қатарына қосудағы ұлы істегі алғашқылардың бірі болды. С.Ф. Ольденбург Г.Н. Потаниннің ғылыми қызметінің ерекшелігі қоғамдық, халықтық мәнде болды дей отыра, тыныш бір кабинетте, бір-бірімен араласпайтын қалада жасалған жоқ, ол ашық аспан астында, үңгірде, киіз үйде оның өмірі өтіп, еңбектері жазылды дейді. Г.Н. Потаниннің Ішкі Азия, Алтай мен Қазақстанға жасаған саяхаттары нәтижесінде жинаған материалдары ХІХ ғ. аяғындағы Азияны зерттеуші ғалымдардың ішінде бірінші орын алатынын В.А. Обручев өз еңбегінде атап өткен болатын Өлкетану тарихына ғылыми үлкен үлес қосқандардың бірі әйгілі саяхатшы П.П. Семенов болды. Семенов Орыс Географиялық қоғамының жұмысына қатысып, онда таза ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. П.П. Семеновтың көзі тірісінде-ақ бұл қоғамның жарты ғасырлық тарихы бар болатын. ХІХ-ХХ ғғ. орыстың географиялық зерттеулерінің тарихы туралы еңбегінде В.А. Есаков Орталық Азиядағы зерттеулер М. Пржевальский, М.В. Певцов және Г.Н. Потаниндердің арқасында жүзеге асқанын көрсетеді.

Сібірдегі қоғамдық-саяси өмірдің Қазақстанға да әсер еткені белгілі. Ал ХІХ -ХХ ғғ. Сібірді айтқанда Г.Н. Потанинді еске алмау мүмкін емес. Томскідегі Потаниннің үйірмесі туралы Я.Р. Кошелев пен Г.И. Пелихтің мақаласында ұтымды сипатталған.

XX ғ. басындағы саяси-әлеуметтік үрдістер көшбасшыларының азаматтық болмысын айқындауда, олардың саяси-әлеуметтік әрекеттеріндегі кейбір мәселелерді баяндағанда М.Шоқай, З.У. Тоған, Х. Оралтай, А. Керенский және Н. Бердяев сияқты шетелдік эмиграцияға тоталитарлық жүйенің қысымы салдарынан кетуге мәжбүр болған қоғам қайраткерлерінің зерттеу еңбектері мен ғұмырнамалық естеліктерінен мазмұнды мағлұматтар алуға болады.

1991 жылы тәуелсіздігіміз жариялап, Алаш қайраткерлері туралы зерттеулерге жол ашылғаннан кейін ұлттық мүдде тұрғысынан олардың өмірі мен қоғамдық-саяси істерін қарастыра бастады. Олардың қызметін жаңаша көзқарас тұрғысынан К.Нұрпейісовтың, М.Қойгелдиевтің, Д.Аманжолованың, Ө. Озғанбайдың, О. Қоңыратбаевтың, М. Қозыбаевтың, Т.Омарбековтың, М. Құл-Мухамедтің, С.Өзбекұлының монографиялық зерттеулері, т.б. зерттеушілердің саяси көшбасшылар жөніндегі еңбектері баспасөз бетінде жарияланып тұрды.

Қазақтың саяси элитасының қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі жаңа кезеңнің бір көрінісі осы мәселе жөніндегі ”Болашақ үшін өткенді білу – парыз” және “Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы” деген пікір алысулардың да маңызы зор болды деп есептейміз.

XX ғ. аяғы XXI ғ. басында көптеген ғылыми әдебиеттер жарық көріп, оған объективті алғышарттар - Қазақстанның тәуелсіз алуы, демократиялық үдерістердің көрінуі саяси еңбектерге әсерін тигізбей қойған жоқ. Жаңа құжаттардың ғылыми айналымға енуі, оларды талдау қайта қарауға мүмкіндік туғызып, Алаш қозғалысына, оның жетекшілеріне деген тұжырымдардың мәні өзгертіп, бұрынғы кертартпа пікірлерінен бас тартуға әкелді.

### **Маңғыстауға әскери экспедициялардың келу мақсаттары, алғашқы экспедициялар, олардың зерттеулері.**

Еуразия кеңістігі, оның ежелгі тұрғындары жөніндегі мағлұматтар, сақ, массагет, исседон, дай т.б. тайпалар, олардың тіршілігі, тұрмыс-салты туралы мәліметтер Геродот заманынан бастап жазыла бастады. Маңғыстау өңірі де ежелден саяси, мәдени, этникалық, интенсивті байланыстардың аймағы болды.



Маңғыстауды қай жағынан алып қарасақ та адам қызығарлық. Бұл тек қана сауда-саттық, керуен жолдары емес, сонымен қатар стратегиялық жағынан маңызды өлке. Бұл өлкенің табиғи байлықтарына көрші елдердің барлығы дерлік қызығуда. Бастапқы кездерде Маңғыстау стратегиялық жағынан маңызды болып келді.

1552 жылы Қазанды, 1556 жылы Астраханды бағындырғаннан кейін Ресей Каспий теңізіне, Шығыстағы көршілеріне шолғыншыларын көп жібере бастады. Солардың ең алғашқысы Иван Грозный тұсында, 1558 жылы Астраханнан шығып, сол жылдың қыркүйегінде Маңғыстау түбегіне келіп түскен ағылшын көпесі Дженкинсон еді. Сол кездегі Маңғыстау жайлы біршама жазып, бұл өлкені Европаның өркениетті елдеріне сырттай таныстырған Дженкинсон болатын. Оны сол кездегі Маңғыстау билеушісі, Хиуа ханы Хажымның інісі Темір сұлтан қабылдап, күзде мың түйелік керуенмен Хиуаға аттандырып салады. Дженкинсон Орта Азия хандықтарына келген бірінші елші еді. Ол Хиуа мен Бұқар әміріне Орыс патшасының грамотасын тапсырып, қасына Хиуа мен Бұқар елшілерін ертіп, Москваға қайтады.

I Петр парсы жорығынан қайтып келе жатып, Астраханға соққан кезінде, қазақ даласының жай-жапсарын көбірек сұрастырыпты. Ол үшін Орта Азия хандықтары Индияға жол ашатын қақпа болса, қазақ даласы Орта Азияға шығатын қақпа еді.

I Петрдің Шығысқа байланысты әйгілі саяси жоспарларының тұңғыш тұсау кескен жері де – Маңғыстау. Ресейдің отаршылдық аранының мықтап ашылуына шешуші тұлға I Петр патшаның құлағына Каспийдің арғы жағында Амударияның сағасында алтын құмы көп деген хабардың жетуі де ықпал етті.

I Петр патша экспедиция жасақтап, оны басқаруды өзінің сенімді адамы, түбі кабардалық Александр Бекович-Черкасскийге тапсырды. 1715ж. Бекович-Черкасский Маңғыстаудағы Түпқараған мен Қызылсу шығанағын көріп, Астраханға қайтады. «Түрікмендер бізге көмектесіп, талабымызға орай су мен құрлық жолына жолбасшы берді. Құдай сәтін салғанда бұл халық бізге жылы қарады» деп жазады кейін Черкасский.

1716ж. Бекович-Черкасский 6655 адаммен 138 кемеге артынып жаңа жорыққа шығады. Олар Астраханнан аттанатын күні Бекович-Черкасскийдің әйелі Мария Борисовна Голицына (I Петрді тәрбиелеп өсірген князь Борис Александрович Голицынның қызы) екі қызымен суға кетіп өледі, Бұл туралы

хабарды жолда естіген кабардалық бек басын тақырлап қырғызып, үстіне ұзын шапан киіп, қайтадан мұсылман қалпына түседі.

Ол Маңғыстаудағы Түпқараған мүйісіне келіп тоқтап, Қазан полкінің адамдарын 1251 кісіні «Әулие Петр» қамалын салдыруға, қалған адамдарды Қызылсу шығанағында Красноводск бекінісін салдыруға қалдырады. Бұл экспедиция Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік-шығыс жағалауын картаға түсіріп, оның нақты пішінін анықтаған. Осының нәтижесінде Каспийдің солтүстік және шығыс жағалауының алғашқы нақты картасы жасалды.

1717 жылы ақпанда Астраханға оралып, жаңа жорыққа әзірленеді. Сол жылы 3464 адаммен тағы да жолға шығады. Гурьевтен Үстірт арқылы Хиуаға беттейді. Жол-жөнекей Жемнің сағасына әскер қалдырады. Көне Ноғай жолындағы құдықтарды аршып, әр жер-әр жерге керуен сарай салдырады.

Хиуа шекарасында жаңадан таққа отырған Шерғазы хан алдынан кісі жіберіп, қонаққа шақырады. Порсу деген қалада хорезмдіктер мұншама көп адам түнеп шығатын қоналқалық орын жоқ деген сылтаумен отрядты үй-үйге бөліп әкетеді. Әскерінен абайсыз айырылған Бекович-Черкасскийді хан екі серігімен бірге өз көзінше тыр жалаңаш шешіндіріп, басын шауып алады.

Бекович-Черкасский өлімі төңірегіндегі жұмбақ әлі шешілген жоқ. Өткен ғасыр авторларының бір тобы оны әйелі мен қыздарының қайғысынан ақылынан алжасып, кешірімсіз қателік жіберді деп жазғырсы, екінші тобы көрер көзге сатқындық жасады деп айыптайды. Не де болса, ол басқарған Хиуа жорығы сәтсіз аяқталды.

Жорыққа аттанарда І Петрдің нұсқауында Хиуа мен Бұхар хандықтарын Ресейге кіруге көндіру, тым болмағанда Орыс патшасын мойындаттыру көзделген, хандарға орыс солдаттарынан нөкер бөлінеді деп уәде етілген; Каспийдің шығыс жағасына қамал салып, Амудария суын ескі арнасымен Каспийге ағызу, сол арқылы Индияның солтүстік шекарасына дейін баратын су жолын ашу шараларын жүзеге асыру тапсырылған. Патша сонымен қатар Жаркент қаласының маңындағы алтын кендерін анықтау үшін шығыс Түркістанға арнайы адамдар жіберуге әмір еткен. Бұл тапсырмалардың ешқайсысы да орындалмады.

Бекович-Черкасскийдің жорығы сәтсіз аяқталды. Осыдан соң орыс саяхатшылары Маңғыстауға ұзақ уақыт аяқ ізін суытып кетті. Экспедиция

сәтсіз болғанымен I Петрдің Каспий теңізіндегі сауданы, теңізде жүзушілікті дамытуға ұмтылушылығын тежеген жоқ. 1719-1720 жылдары Ван-Верден мен Ф.И.Соймонов, Урусовтың, 1764 жылы Токмачевтың, 1809-1814 жылдары Колодкиннің, 1856-1874 жылдары Ивашинцевтің жағалауларға жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде теңізде жүзудің карталары құрастырылды және жарыққа шықты.

Хиуа хандары Ресей мен Бұхара арасындағы сауда-саттық керуендерін тонауды кәсіпке айналдырды. Атырау маңындағы түрікмендер мен қазақтар әскери линияларға, балықшы кәсіпшіліктеріне, орыс керуендеріне тиісіп, адам ұрлап, Хиуаның құл базарына апарып сататынды шығарды.

I Александр патша 1819 жылы Азия комитетін құрды. Бұл комитет Орта Азияға ықпал етудің әрқилы жоспарларын жасады. Н.П.Румянцев Маңғыстау мен Жемнің сағасына бекініс салуды, сауданы солар арқылы өркендетуді ұсынса, генерал А.П. Ермолов Каспий теңізінің маңызын арттыруды жақтады.

Ресей мен Хиуа арасындағы шиеленіс жыл санап ұлғая түсті. Сондықтан да орыс үкіметі Хиуа хандығымен біржолата есеп айырысуға бел байлады. Ол үшін Хиуаға қарсы болшақ әскери жорыққа қажет географиялық, тарихи, саяси мәліметтер жинау қажет болды. Орыс үкіметі осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін полковник Ф.Ф.Берг (1825-1826) арнайы экспедиция ұйымдастырды.

Бұл әскери экспедиция жол-жөнекей орыс балық кәсіпшіліктері мен орыс керуендеріне жәбір көрсеткендерін жазалады; аталмыш өлкенің топографиялық картасын түсірді; геологиялық-ботаникалық зерттеулер жүргізді; Хиуаға баратын жолдарды, ол жолдардың бойындағы қазақ, түрікмен тайпаларының көші-қонын, орналасу реттерін сұрастырды.

География ғылымының тарихында алғаш рет Каспий, Арал теңіздерінің деңгейлерін өлшеді. Экспедиция сол тұстағы өлшеуіш құралдардың онша дәл еместігіне қарамастан, Арал теңізінің Каспий теңізінің деңгейінен 35,86 метр биіктікте жатқанын анықтады. Екі теңіз деңгейінің қазіргі айырмасы 82 метр. Маңғыстау мен Үстірт өңірінде мұнай кендерінің бар екендігі жайында ең алғаш мәліметтерді де осы экспедиция материалдарынан табамыз. Экспедиция болашақ Хиуа жорығының маршруты жайында нақты ұсыныс енгізді.

Жорыққа жан сала әзірленген патша үкіметі Каспий теңізінің батыс бөлігіндегі Кавказ, Астрахан қалаларынан кемемен келетін әскерге қажет азық-

түлікті сақтайтын қолайлы жер тауып, қамал салу үшін белгілі саяхатшы, табиғат зерттеушісі Г.С.Карелинді 1832 жылы Маңғыстауға жұмсады.

Карелиннің зерттеулерінсіз өлкемізді елестету мүмкін емес. Ол бұл өңірге үш рет келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Г.С. Карелин патша өкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап өмірінің 50 жылын Қазақстанды зерттеуге арнаған, оның 20 жылын Гурьев қаласында өткізіп, сонда жерленген. Ол орыстың прогресшіл бағыттағы офицері, теңіз саяхатшысы, көрнекті ғалымы болды. Г.С. Карелин Маңғыстау түбегін, ондағы қазақ жұртшылығының өмірі мен тұрмысын этнографиялық тұрғыда тым тәуір зерттеген. Гурьевте тұрған жылдарында Карелин өз саяхаттары жөнінде үзбей жазумен болды. Он бір томдық бұл материалдардың ішінде қазақ даласына арналғандары 3 томдай болған. Алайда осы қыруар ғылыми еңбек түгелдей жарық көре алмай, көбі өртеніп кетті. Дегенмен оның қолжазбаларының кейбіреуінің, әсіресе 1832-1836 ж. үш дүркін жасалған Каспий экспедициясының Маңғыстау түбегіне байланысты материалдарының сақталып қалынуының маңызы өте үлкен. Оларды саяхатшының үлкен қызы Софья Григорьевна көп жылдар бойы асқан ұқыптылықпен сақтап жүріп, тек 1883 жылы ғана атақты географ М.Н. Богдановқа тапсырды. Г.С. Карелиннің Қазақстан туралы еңбектері соншама кең де, сан алуан екендігін, бірақ көбі әлі күнге дейін зерттелмей, жарияланбай жатқанын академик Әлкей Марғұлан дұрыс атап өткен.

Шынында да ғылыми саяхаттарының ең көрнектісі - Маңғыстау сапарындағы жергілікті халықтың өмірі туралы жазғандары әлі күнге дейін арнайы зерттелген емес, шын сыры толық ашылған жоқ. Г.С.Карелин шындығында Маңғыстау өлкесін тұңғыш зерттеп ғылым үшін көп жаңалық ашқан зерттеуші. Бұрын ешкім сырын аша алмаған «дархан бай өлкені» алғаш рет жан-жақты зерттеп, оның байлығын, халқының мәдениеті мен тұрмысын, оның бойындағы бар асыл қасиеттерін әлемге паш еткен ойлы ғалым. Карелин жинаған материалдар ғылым үшін осы күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Ғалым Маңғыстауды мекендеген қазақтардың тұрмыс салтындағы, шаруашылығындағы өзіндік ерекшеліктерді, нанымды ғылыми тұрғыда дәлелдеп көрсетеді. Онда қазақтың кішіпейілділігін, жауына мейірімсіздігін, жалпы алғанда ержүрек, батыр екендігін, сондай-ақ ақкөңіл, адал, достықты құрметтегіш екендігіне сүйсінгені жазылған. Карелин өз еңбегінде сол кездегі Маңғыстау қазақтарының жалпы санын, олардың ру, атаға жіктелу жүйесін

талдап, оны алғаш рет қағаз бетіне түсірушілердің бірі болды. Онда әрбір үлкен аталардың түтін саны мен құрметті ақсақалдардың аттары да көрсетілген.

Г.С.Карелин экспедициясының алдына қандай мақсаттар тұрғанын Г.С.Карелиннің мына сөзінен-ақ айқын аңғаруға болады: «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы өзінің географиялық жағдайы қажет ететін дәрежеде ешқашан зерттеліп көрген емес. Көптеген теңізшілер оған атүсті назар аударды ... Осынау ұлан-асыр әрі маңызды кеңістік келешекте Орта Азия мен екі ортадағы сауда және саяси байланыстарымызға жол ашатын жерлерге жалғасып жатыр. Көзбе-көз таныса кеп байқауымызша, бұл өлке тұрақтанып, шаруамен шұғылдануға өте қолайсыз боғанымен, әскери және сауда-саттық тұрғыдан келгенде, үкімет назарын мықтап аударатын өлке. Оған байланыссыз да, әрқилы тонаушылықтың ұясына айналған Сам суларының шын құпиясын анықтау, Ұлы Татария қиырларымен табиғи шекарамыз болып табылатын Жем өзені сағасын шолып шығу;

... қорқау да жаужүрек Адай тайпасы қазақтарының шын ахуалын білу; Каспий теңізінің қайрандауының сырларын ашу». Карелин бір жылдай зерттеу жұмысын жүргізеді. Өлкенің табиғатын, ауа-райын зерттеумен қоса, жергілікті халықтар туралы да мәліметтер жинастырады. Карелин түбектің солтүстік-шығыс жағалауын түгелдей аралап шығып, әскери бекініс салуға Қайдақ соры маңындағы Қызылтас мүйісін қолайлы деп тапты. Оған келтірген дәлелдері:

1. «Мықты бекініс жасау онша қиынға түспейді; өйткені табиғаттың өзі дайын бекініс салып қойғанын былай қойғанда құрылыс салуға керекті материалды әр қилы көлемдегі кесек тастар мен қалақ тастар кесулі күйінде әзір тұр.

2. Тұщы су дегеніңіз жеткілікті; бұлақтардың көзін кеңейтіп, суды бұдан гөрі де молайта түсуге болады;

3. Гурьев тиіп тұр, үш күндік жер; одан адамдарды, қару-жарақты, азық-түлікті жеткізу әрі оңай, әрі тез, әрі арзанға түседі...

4. Жүк түсіретін жер өте ыңғайлы...

5. Қызылтастан Үстіртке шығатын екі жолдың екеуі де оңай, әрі қауіпсіз; зеңбірек пен ауыр жүк тасуға кейбір кішкене жарлауыт сайлардың үстінен 4-5 жерден шағын көпір салуға, не тақтай тастай салуға болады.

6. Ең бастысы: бұл Хиуаға жорыққа шығуға ең жақын, ең ұрымтал тұс; екі ортада азғантай суатсыз жерлер ұшырасқанымен, көктем мен күзде оған да жаңбыр жауып, көл түседі».

1833 жылы сыртқы істер министрлігі Қайдақ соры маңайындағы Қызылтас мүйісінен әскери бекініс салуға ұйғарым қабылдады. Оны салуға 52 мың сом қаржы бөлі.

1834 жылы Қызылтаста 500 кісі әскер ұстайтын Ново-Александровск қамалы салынып бітті.

Маңғыстау түбегінде патшалық Ресейдің ықпалының мықтап орнығуы осы қамалдан басталды.

Патша үкіметі шығарған экспедицияларда оның мақсаты өте құпия ұсталды. Көп жағдайда оны экспедиция бастығы ғана білетін болған. Экспедиция күнделігіне жазылған Карелиннің мына сөзіне назар аударайық: «мен бір тамашаны көрдім. Ескегіміз қайраңға әр тиген сайын майлақы жасыл бірдеңелер су бетіне жүзіп шығады... Оны тексеріп көріп едік, Каспийдің батыс жағалауымен шығыс жағалауы шылық бүгіп жатқан тап-таза мұнай болып шықты». Демек, Карелин Каспий теңізінің әр жағасын аралаған адам болып тұр. Әрі оның мақсаты, жер қойнауынан мұнай іздеу болғанын көру де қиын емес.

«Бұл бекініс пунктінің мақсаты – қырғыздардың Адай руын жуасыту және өз ықпалдарымызға бағындыру, қарақшылық пен адамдарды теңізге әкетуді жою және біздің Азиямен сауда байланыстарымызды нығайту. Гурьевпен жүйелі кеме байланысын қауіпсіздендіру үшін Каспий теңізінің жағалауы бойымен казак қоныстары орналастырылды.

Сонымен қатар, Орынбор губернаторы Сухтеленнің тапсырмасы бойынша Карелин Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауына экспедицияға шығып, Өлі Қолтық, Бозашы түбегін, Үстірттің солтүстік-батысын зерттейді. Каспий теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінің және оған іргелес аудандардың картасын жасайды, жануарлар мен өсімдіктер жайында, жалпы қазаққа қатысты түрлі этнографиялық және тағы басқа бай материалдар жинайды. Экспедиция нәтижесінде жасақтаған Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы, бұғаздар мен көптеген аралдардың және Үстірттің, барлығы 12 картаны үкіметке тапсырды.

Карелиннің ашқан және зерттеген жерлері қазіргі таңда шығыс Каспийдің ұланғайыр өндірісті белдеуіне айналды. Карелиннің Батыс Қазақстанның табиғатын зерттеуге қосқан үлесі зор. Батыс Қазақстандағы ең алғашқы

өлкетану мұражайының Орал қаласында негізін салған да Карелин. Оның зерттеулерін Н.А.Северцов пен Н.А.Зарудный т.б. зерттеушілер жалғастырды.

Қызылтасқа Г.С.Карелин салған орыс бекінісі Каспий Хиуа сауда жолының тірегі болуға қолайсыздық көрсете бастады.

1. Өн бойында белгілі бір тәртіппен орналасқан құдықтары бар, түйелі керуенге аса ыңғайлы ежелгі Маңғыстау жолы бір қиян бұрыс қалды.

2. Кавказ порттары мен Астраханнан келетін үлкен кемелерді қабылдауға тиісті қолтықтың суы жылма-жыл таяздана берді.

3. Бекіністің тұрған жері балық кәсіпшіліктеріне де тиімсіз болып шықты.

4. Қала тұрғындарының санын көбейтуге тұщы су жетіспеді.

5. Жергілікті қазақ, түрікмендердің не қыстауында, не жайлауында емес, жай әншейін жұрт көш- жөнекей тоқтайтын шың ернегіне жақын орналасқан бұл қамал ел ішінде өз ықпалын жүргізуге де ыңғайсыз еді, әсіресе, патша үкіметіне шұғыл керек болып қалып отыратын жорықтар тұсында көшпелі ауылдардан көлік жинап алуға қиындықтар туғызатын болды.

Сондықтан да 1839 жылы бас штабтың капитаны Ширков пен капитан-лейтенант Бодиско жаңа қамал салуға Түпқараған түбегін қолайлы деп тапты. Бұл ұсынысты М.И.Иваниннің 1846 жылғы географиялық зерттеулері де құптады. Жаңа қамалдың құрылысын Орынбордың жаңа губернаторы В.А.Обручевтің бұйрығы бойынша инженер капитан Геннерих жүргізді.

Ново-Петровск қамалы бар болғаны 2 ай ішінде салынды.

Ежелгі Маңғыстау жолы басталатын жерден жаңа бекініс тұрғызылуынан Хиуа хандығы қатты сескенді.

М.И.Иванин қазақ рубасылары бізге «бұл қамалды салуға Хиуа ханынан келісім алдыңыздар ма, ондай келісімдеріңіз болмаса, көмектесе алмаймыз» деген талап қойды деп жазады. Бас штаб полковнигі М.И.Иванин бұдан қазақ ауылдары Хиуа ықпалында екен, сондықтан Маңғыстау түбегінде түрікмендерге сүйенген жөн; ертеректе Астрахан ауып кеткен түрікмендердің бәрін қайтадан көшіріп, әкеліп, Қаратау бойындағы бұлақтарға орналастырып, егін ектіріп, Хиуадан астық сатып алатын кіріптарлықтан құтқару қажет; ол үшін түбекте түрікмендерді Хиуа шабуылдарынан қорғай алатындай мықты гарнизон ұстауымыз керек деген қорытынды шығарды. Орыс үкіметі Маңғыстаудан жан-жақты көшіп кеткен түрікмен руларын қайта жинау

мақсатында 1858 жылы адай, табын, түрікмен арасындағы алауыздықты тыйдыруға күш салады.

Маңғыстау қазақтарының жаңа қамалға байланысты әлгіндей талабына келетін болсақ, олар Хиуа ықпалында болғандықтан осылай істеді деген қорытынды да тым ұшқары. Әлгі тұста Хиуаның дуанбегі Маңғыстау қазақтарына орыс әскеріне қарсы көтеріліндер деп он жылдан астам үндеу таратып келді, Бәймәмбет Маяевты Хиуаға шақыртып та, хат жазып та азғырды. Бірақ ел ішінде ондай толқу орын алған жоқ. Соған ерегіскен Хиуа әскері оқтын-оқтын Үстірт пен Маңғыстаудағы қазақ ауылдарына тиісуді көбейтті. 1847 жылы түгелінен Қаратау бойында отырған елдің іргесінен Хиуа әскерінің дүбірі кеткен жоқ.

Ново-Петровск қамалы салынып біткен бойда, жергілікті қазақтар мен түрікмендер ау жайып, күн көріп жүрген балығы мол сулар жаңа қоныстанып жатқан казактарға тегін иемденуге берді. Арада 9 жыл өтпей, қамал маңындағы қазақтар мен түрікмендердің барлық қайығы жойылып жіберілді.

Түпқарағанда салынған Ново-Петровск қамалына Дағыстандағы Петровск қаласымен шатастырмас үшін 1859 жылы Александровск форты деген жаңа ат берілді. Бұл кезде Ішкі Ресейде Каспийден арғы аймақты игерудің жоспары қызу әңгіме боп жатты. Әсіресе, Қырым соғысының батыры генерал-лейтенант С.А.Хрулевтің Орта Азиямен сауда жасаудың серіктестігін құру туралы идеялары жұрт аузында жүрді. Онда генерал Каспий мен Аралда, Сырдария мен Амударияда кеме қатынасын ашуды Каспий теңізі мен Челекен, Балқан түбектерін, Жайық, Жем бойларының қазба байлықтарын игеруді, Каспий мен Аралда балық өнеркәсібін ұлғайтуды, Германия мен Франция тауарларына Шығыс базарына жол ашуды, Орта Азиядағы мал шаруашылығын, егіншілікті, жібек, мақта өсіруді, зергерлік кәсіпті кең көлемде өрістетуді ұсынды. Хрулев жоспарына патша сарайы жақсы ықылас білдірді.

Генерал С. Хрулев бұл жоспар бас аяғы 75 жылдың ішінде ойдағыдай жүзеге асады деп сенеді.

Орта Азия саудасының зор болашағы бар екендігіне Орынбор линиясына 1848 – 1855 жылдар арасында 50 пұт алтын мен 4000 пұт күміс шығыс ақшасы түскені дәлелдейді.

Каспийден арғы далаларға тұрақтап, табан тіреу Ресейдің сол кездегі сыртқы саясатының ең басты қағидаларының бірі болғанына, генерал Хрулев



айтқандай, жаңа аймақты жан-жақты игерудің күн тәртібіне мықтап қойылғанына Маңғыстау мен Бозашы түбегінде орыс мекен-жайларының көбейе бастауы дәлел болып табылады.

Жаңадан салынған Александровск фортына 3 шақырымдай жерде Маңғыстау түбегінің Каспий теңізіне кіріп тұрған үшкір мүйістің ұшында Николаевская станицасы пайда болды. Оның дәл түбінен Армян слободкасы орнап, көшпелі қазақтармен сауда жүргізе бастады. Долгийде, Колпы аралында, Қандауыр қойнауында да балықшылар поселкелері салынды.

Патша өкіметінің Каспийдің шығыс жағалауына орыс тұрғындарын қоныстандыруға осыншалық мән беруі тегін емес еді. Ресейдің Азия елдеріне жасар ықпалын тек Каспий теңізінің шығыс жағалауына шығумен ғана шектегісі келмейтіні белгілі болды. Каспий теңізінің шығыс жағалауын зерттеу қайта қызу қолға алынды. 1859 жылы Маңғыстауға Орал қаласынан бас штаб полковнигі В.Д. Дендевилль, коллегия ассесоры М.И. Галкин, тілмаш, шығыстың белгілі зерттеушісі Н.И. Ильминский бастаған экспедиция келді.

1859 жылы Маңғыстауға Орал қаласынан бас штаб полковнигі В.Д.Дендевилль, коллегия ассесоры М.И.Галкин, тілмаш, шығыстың белгілі зерттеушісі Н.И.Ильминский бастаған экспедиция келді.

Хиуамен екі ортадағы қарым-қатынас бұрынғыдан бетер шиеленісе берді. Орыс әскері Сырдария бойын, Жетісуды, Самарқандты, Ташкентті бағындырды. Бағындырылмаған тек Хиуа ғана қалды. Оған Ресей де Англия да бірдей көз сүзуші еді.

Жан-жағын шөл қоршап жатқандықтан талай жиһангерлер алыстан айналып өткен бұл өлкені орыс әскері бағындыру үшін керек жағдайдың бәрін жасады. Орыс қару -жарағы Орта Азияға дендеп кіріп, Таяу Шығыстағы Британ жолын бөгей алатын болды. Каспийдің шығыс жағалауы да біржолата Ресей ықпалына өтті. Оған 1870 жылғы Маңғыстау қазақтарының көтерілісінің жазалануы да түпкілікті әсер етті

## **Зерттеуші ғалымдар мен саяхатшылардың Маңғыстау тарихы туралы еңбектері мен жазбалары.**

XVIII ғасырдың ортасынан бастап, Маңғыстау өлкесіне «топырағын, табиғатын зерттейміз» деген желеумен орыс және шетел ғалымдары мен саяхатшылары жиі-жиі келе бастады. 1753 жылғы көпес Д.Рудавкин, 1754 жылы ағылшын көпестер Томпсон мен Гогг, 1793 жылғы Бланкеннагель экспедициялары осы бір оқшау аймақ туралы ең алғашқы ғылыми зерттеулердің әліппесін жасақтап еді.

1825-1826 жылдары Маңғыстауға келген Ф.Ф.Бергтің әскери-топографиялық экспедициясының құрамында Э.А.Эверсманн да келген болатын. Кейін Г.С.Карелиннің әскери экспедициясының құрамында да өз зерттеулерін жалғастырды. Эверсманн ғылыми түрде жерді физикалық-географиялық аудандарға бөлу туралы дүние жүзіндегі ең алғашқы тәжірибені жасаған ғалым болды, яғни географиялық құрылым, рельеф климат, топырақ, өсімдігіне қарап, жерді 3 түрге бөлді: таулы және орманды; кара топырақты; жалаңаш далалық жерлер.

Эверсманнның өлкенің табиғаты, ботаникасы мен геологиясы жайындағы зерттеулері орыс ғылымына құнды үлес болып қосылды. Арал-Каспий бассейні туралы кейінгі заман зерттеулеріне жүйелі негіз болды. Зерттеулерінің нәтижесінде Эверсманн жануарлардың, әсіресе жәндіктердің 11252 түрге бөлінген 50 мың экземпляр бай коллекциясын жинақтады.

Тағы да осы ғалымдар сияқты өлкемізге келген ғалымның бірі – 1772-1773 жылдары келген С. Г. Гмелин болды. Ол Каспий теңізінің шығыс жағалауымен жүзіп шығып, өлкемізден көптеген материалдар жинап шыққан. Бірақ қайтар жолда Дербент жерінің маңында тұтқынға түсіп, жарты жылдан кейін қайтыс болады.

Маңғыстау өлкесінің өсімдік дүниесі бұдан 170 жылдай бұрын ботаник және әуесқой табиғат зерттеушілері: А.И.Шренк, И.Т.Борщов, И.А.Северцов, Эйхвальдтардың еңбектері арқылы ғылымға белгілі бола бастады. Оның ішінде 1825-1826 жылдары жарық көрген Эйхвальдтың –Каспий теңізінің Маңғыстаудан Шағадамға (Красноводск қ.) дейінгі жағалауындағы өсімдіктер дүниесі туралы еңбегі айрықша маңызды.

И.Г. Борщовтың 1965 жылы жарық көрген «Арал-Каспий аймағының ботаникалық географиясына материалдар» атты еңбегінде Маңғыстау жарты аралының өсімдіктер дүниесі жөнінде көптеген ескертпелер жасалды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқын этнографиялық тұрғыдан зерттеудің үлгісін бірінші рет жасаған орыс ғалымы А.И. Левшин болды. 1832 жылы оның үш томдық атышулы монографиялық еңбегі жарияланды. Бұл жұмыс баспадан шыққанға бері осы уақытқа дейін қазақ өмірін зерттеушілердің ешбірінің назарынан тыс қалған емес.

Левшин еңбегінің басты құндылығы - оның қазіргі күнде із-түзсіз жойылып кеткен архив деректерімен ел арасынан тікелей жинаған мағлұматтар негізінде жазылғандығында. Сондықтан да Левшин еңбегі XIX ғасыр басындағы қазақ өмірінің шынайы шындығын жан - жақты сипаттаудың ең жақсы үлгісі болды.

Левшин кең байтақ қазақ даласындағы үш жүз қазақтарының өмір тіршілігі мен салт-санасында бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығының жоқ екенін, тіпті оның ішінде адай рулы қазақтардың да тұрмыс қалпында салт-санасында айтарлықтай ерекшеліктердің болмайтындығын көрсеткен. Оның үстіне Маңғыстау өміріне тікелей байланысты біраз деректер келтірілген.

Өлкемізге келген экспедициялар жергілікті халықтың мінез-құлқы, салт-дәстүрлері туралы мәліметтер жинақтай отыра, жеріміздің байлығын, табиғи қазбаларын жан-жақты зерттей бастайды. XIX ғасырдың ортасында өлкемізде болған П.Небольсин жергілікті халыққа мынадай мінездеме береді: «Қазақтардың ең бір шеткері, ең бір басбұзар бөлігін адай руының қазақтары құрайды. Қазіргі күнде олардың саны 20 000 үйге жетті. Адайлар Маңғыстау, Бозашы түбегінде, Каспий теңізінің кейбір аралдарында және бір бөлігі Үстіртте қыстайды. Бұл халық өте-мөте жанжалқұмар, әрі тынымсыз».

XIX ғасырдың соңғы 70-шы жылдарында А.И.Антиповтың және Л.Турконның зерттеулері де жарты арал байлығының ашылуына өзіндік үлестерін қосты. Олар Ақтау, Қаратау бойларын зерттеді.

М. И. Иванин орыстың географиялық қоғамының мүшесі, 1835-1855 ж. аралығында Орынбор өлкесінде әскери қызметте, одан кейін ішкі Бөкей Ордасының Уақытша Кеңесінің кеңесшісі болып істеді. Осы уақыттардың ішінде ол өзінің жүрген жерлерінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тарихи этнографиялық еңбектер жазып қалдырды.

Оның ғылыми мұраларының ішінде әсіресе Маңғыстау сапары жайындағы еңбегінің маңызы осы күнге дейін жойылған жоқ.

«1846 жылы Маңғыстау түбегіне сапар» деген мақаласында Маңғыстау өлкесінің тарихына тоқталып, күмбездер, қолдан ойылып, бедерлеп, салынған суреттер, Шерқала тауының етегіндегі тас қамал, тұрғын үй, құдықтар, көп жерін оқ тескен, салмағы 17 қадақ сауыт, т.б. құнды заттар жөнінде мағлұматтар берген. Бұл еңбек М. И. Иваниннің басшылығымен арнайы ұйымдастырылған ғылыми экспедицияның жинаған деректері негізінде жазылған.

Экспедицияның негізгі мақсаты – Маңғыстау түбегінің кен байлығын барлау ғана болғанымен сан алуан ғылымдар саласынан хабары бар білімпаз зерттеушінің назарынан бұл өлкенің флорасы мен фаунасы, тіпті жергілікті қазақ жұртшылығының шаруашылығы мен мәдениеті, тұрмысы мен салт-сана, әдет-ғұрып діни сенімдері де тыс қалмай оның ғылыми еңбегінен айтарлықтай орын алды. Олай болса бұл еңбекті Маңғыстау түбегін кең көлемде, жан-жақты зерттеу негізінде жазылған геология, география, ботаника, зоология, тарих және этнография ғылымдары үшін осы күнге дейін себін тигізерлік маңызы бар құнды ғылыми еңбектердің бірі деуімізге әбден болады.

Т.Г. Шевченко Маңғыстауда болған кезінде ол жердің табиғатын, қазақтың тұрмысы мен тағдырын көрсететін 218 сурет-акварель, 20 повесть әңгіме қалдырды. Олардың біразын ақын-суретші 1851 жылғы Қаратау экспедициясына қатысқан кезінде Маңғыстау қазақтарының тіршілік бейнесін көріп жасаған. Мұндағы Шевченко суреттерінің ішінде ерекше аталатын тарихи - этнографиялық еңбегі - «Қазақ қызы - Катя». Маңғыстау этнографиясына тек орыс зерттеушілері ғана емес, мұнымен қатар қазақ халқының өз перзенті Ш.Уәлиханов пен неміс ғалымы Р.Карутц сияқты ғалымдар да қызықты.[31]

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың ғылыми-зерттеу жұмыстары ХІХ ғ. орта кезінде жүргізілді. Оның көптеген еңбектерінің ішіндегі Маңғыстауға байланыстыларының бірі «Түрікмендер» деген еңбегі.

Мұнда ол Маңғыстаудағы қауымдық, бейіт ескерткіштерінің көптігіне және олардың беттеріндегі әрқилы ою-өрнектің тарихи ерекшеліктеріне қызығады, түркмен халқы мен қазақтардың бұл атыраптағы көне байланысы туралы ұқтырады. Ш. Уәлихановтың еңбектері жалпы қазақ халқының тарихы мен этнографиясы жөніндегі мәселелерді қамтиды, оның мұндай еңбектері мейлінше нақтылы еңбектер негізінде жазылған.

Бір айта кететін жағдай: сол замандағы қазба байлықтарының анықталуына жергілікті халықтардың көмектері айтарлықтай тиген. Жергілікті тұрғындар жер бетіне шығып жатқан қазба байлықтардың түрлерін экспедиция адамдарына көрсетіп отырған. Олар көбіне көп ақсақалдар мен жергілікті жерді жақсы білетін жол көрсетушілер еді.

1871 жылы патша сарайының кен істер жөніндегі кеңесшісі, инженер князь Цулукидзе Маңғыстаудағы көмір кендерін аралап көріп, оны өндіріске аса пайдалы деп тапты. Ол Тарталы, Апажар құдықтары маңынан қазылып алынған тас көмірді бұмен жүретін «Бухарец» шхунасында отын ретінде пайдаланып көрді. Сартас қайлағынан шығып, Құлалы аралында, одан Түпқараған мүйісіне дейін 140 шақырым жол жүрген бұл сынақтан Маңғыстау көмірі сүрінбей өтті. «Кавказ және Меркурий қоғамы» теңіз істер басқарушысы, бірінші дәрежедегі капитан Эльфеберг жергілікті қазақтардан көктемге дейін 50 мың пұт көмір қазып, Николаевская станциясына жеткізіп беруді өтінді. Бұл Маңғыстау қазба байлықтарын игерудің басы болды.

Ресейдің қазақтарға қатысты саясаты біржақты отарлаушы, халыққа қарсы бағытталған болды. Әлеуметтік және ұлттық рухани езгінің күшеюіне алып келді.

1903 - 1909 ж. аралығында неміс профессоры-этнограф фольклорист және дәрігер Рихард Карутц Маңғыстауға үш рет келіп қайтты.

Ол өзінің көрген-білгендерін, зерттеулерін түсірген суреттерін Лейпциг қаласында жарық көрген «Маңғыстау қырғыздары мен түркмендері арасында» деген көлемді кітабында жазды. Ол кітап 1910 жылы орыс тіліне аударылып, Петербург қаласында басылып шыққан. Карутц кітабында Маңғыстау қазақтары мен түркмендерінің материалдық мәдениеті мен шаруашылығы, тұрмыс салты мен әдет - ғұрыптары, ақыл - ой қабілеті мен мінез құлықтары т.б. жақтарының ерекшеліктері туралы құнды деректер мол. Карутц Маңғыстау қазақтары мәдениеті мен тұрмысындағы жергілікті ерекшеліктерді зерттеу алдында қазақтар туралы этнографиялық әдебиеттермен жақсы таныс болуымен қатар, тікелей ел аралап, халық өмірін өз көзімен көріп зерттеді. Ғалымға жол көрсетіп, тілмаштық көмек берген сол кездегі Маңғыстаудың сауатты қазақтарының бірі, кейіннен жалынды революционер болған Нұрсұлтан Оңғалбаев еді.

Маңғыстау қазақтарының көне тарихы туралы Карутц нақтылы ештеңе айтпайды. Ғалым адай туралы ел аузындағы адам-ата жөніндегі бір аңызбен

байланысты туған есім емес пе екен деген болжам жасады. Бұдан басқа кейбір кемшіліктерге қарамастан Карутц еңбегі орыс зерттеушілерінің еңбектерімен бірге Маңғыстау этнографиясы бойынша құнды деректердің қатарына жатады.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезең қазақ қоғамының ең алдымен әлеуметтік қарым – қатынастарын, әрбір жеке аудандардың этнографиясын зерттеуді тіледі. Осы мақсатта XX ғасырдың 20- жылдарының аяғында одақтас және автономиялы республикаларды жан-жақты зерттейтін ерекше комиссия Қазақстан территориясына арнайы комплексті экспедиция ұйымдастырды. Бұл экспедиция Маңғыстау қазақтарының тұрмысы мен мәдениетін, көшпелі халық шаруашылық ерекшеліктерін, жанұялық қатынастарын, медициналық-санитарлық жағдайын жан-жақты зерттеді. Экспедиция материалдары «казаки» деген атпен жеке жинақ ретінде басылды.

Қазір еліміз Кеңестер Одағының ыдырауымен өз алдына егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болып отау көтерді. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік күні туды. Осыған дейін халқымыздың тарихының көлеңке тұстарын тани алмай келсек, енді ғана ақ-қарамызды айырып, ақтандақ қалған жерлерді анықтай бастадық. Отарлық езгі қазақ халқына көптеген зияндарын тигізді.

Маңғыстау түбегінің табиғатын, Каспий, Арал теңіздерін зерттеуге келген экспедициялардың ең басты мақсаты - халық байлығын қанау, өз мүдделеріне пайдалану екенін ұмытпаған жөн.

Бұл бетбұрыс қазақ халқының тарихы үшін де елеулі кезең болып қалыптасты. Отарлық езгі қанша жеккөрінішті болғанымен оның белгілі дәрежеде жақсылығының да болғанын жоққа шығармауымыз керек, оған дәлел - Маңғыстауға жасалған экспедициялар мен зерттеушілердің Маңғыстау тарихынан сыр шертетін артта қалған мол мұрасы.

Маңғыстау тарихына шолу жасай отырып, өлкемізде болған орыс және шетел саяхатшыларының, ғалымдарының жазып қалдырған деректері – таптырмас асыл қазына екендігін мойындауымыз керек.

**Әбубәкір Диваев (1855-1933).** Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, бастыру мәселелерімен XIX ғ. мен XX ғ. басында бір топ орыс ғалымдары айналысты. Олардың ішінде Сырдария генерал-губернаторы Н.И.Гродековтың 1884 ж. қазақ, өзбек, қырғыз халқы ауыз әдебиетін жинауды қолға алып, бұл жұмысты жергілікті халықтың тілін, салт-дәстүрін жетік білетін Орынбор кадет корпусінің түлегі Ә.Диваевқа тапсырды. Ол араб, парсы тілдерімен қоса қазақ, өзбек, тәжік тілдерін де жетік білетін еді.

Ә.Диваев белгілі түркітанушы В.Н.Наливкинмен, тарихшы, этнограф, филолог А.Н.Вышнеглярскиймен жүздесіп, ақыл-кеңес ала отырып, зерттеу жұмысының жоспарын жасады. Ел аузындағы ертеңгі, аңыз-әңгіме, батырлар жырын жетік білетін қариялармен пікірлесіп, олардың білгендерін жазып алып жіберіп отыратын мұғалім-молдаларды бұл іске тартты. Өзі жинаған материалдардың бір тобын Ресей география қоғамының Қазандағы бөлімшесіне жіберіп отырды. Сондай-ақ 1886 ж. Ташкентте шыға бастаған “Түркістан уалаяты” газетінде жариялады. Диваев біріншіден қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін келешек ұрпақ үшін, тарих үшін қажетті дүние деп қараса, екіншіден жиналған материалдарды орыс тіліне аударып, бастыру арқылы қазақтың көне мәдени мұрасымен орыс, батыс халық өкілдеріне таныстыруды көздеді. 1896 ж. Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамы Ә.Диваевқа хат жолдап, аталған қоғамға мүшелікке алғанын хабарлайды.

Бұл қоғамның белсенді мүшелері; В.В.Радлов, В.Алекторов, Г.Н.Потанин, В.П.Наливкин, Н.П.Остраумовтар да түркі халықтарының мұраларын жинау, зерттеу ісімен айналысатын.

Ә.Диваев осы қоғамға өзі ел аузынан жинаған бай материалдарды және өзінің олар туралы жазған зерттеу мақалаларын жіберіп тұрды.

Қазан университетінің ғалымы П.Н.Ахметов (Сахит Герей Ахметов) Диваев жіберген қолжазба материалдардың маңыздылығын жоғары бағалады.

1896 ж. 22 қаңтарда Ә.Диваев ТКЛА (Ташкентский кружок любителей археологии) мүше болып қабылданып, 1917 ж. дейін сол үйірмеден қол үзбей қызмет етеді. Диваев кейін Москва университетінің табиғаттану, антропология, этнография қоғамына мүшелікке өтіп, оларға да көптеген материалдар жіберіп тұрды.

2004 ж. Диваевтың қатынасымен Ташкентте мұсылман зиялыларының әуесқой театрын ұйымдастырды. Онда Диваев өзінің “Махаббат машақаты” атты пьесасын қойды. 1915 ж. Диваевтың ғылыми қызметінің 25 жылдығы аталып өтіліп, “Қазақ”, “Туркестанские ведомости”, “Живая старина” газеттерінде оған арнау мақалалар жарияланды.

1918 ж. Түркістан Халық Университеті ашылып, Диваевты осы университетке оқытушылық қызметке шақырады. Ташкен университеті кеңестік Орта Азияның шығыстану орталығына айналды. Кейіннен одан шығыстану институты бөлініп шығып, онда көрнекті шығыстанушы ғалым-академиктер қызмет етті. Олардың ішінде: В.В.Бартольд, С.Е.Малов, И.И.Зарубин, М.С.Андреев, М.Ф.Гаврилов, А.А.Семенов, В.М.Кун т.б. сияқты көрнекті ғалымдар болды.

А.Диваев 100-ге тарта ғылыми еңбек қалдырды. Ол жинаған қазақтың батырлар жыры 1922-23 ж.ж. Ташкентте тұңғыш 9 том болып басылды. 1924 ж. Ташкентте қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінен құрастырған “Тарту” атты жинақ, ал 1926 ж. Қызылордада “Балаларға тарту” жинағы шықты. Ол “Алпамыс”, “Қамбар батыр” жырларының бірнеше варианттарын, “Тазша бала” ертегісінің үш нұсқасын салыстыра зерттеп, олардың ішіндегі ең толығын және ең көркем дегендерін баспа арқылы шығарып отырған.

Диваевтың 1920 ж. Жетісу, Сырдария бойына ұйымдастырған экспедициясы орасан мол материал әкелген. Олардың ішінде аңыз да, жұмбақ та тақпақ та, мақал-мәтелдер де, айтыс өлеңдер де бар.

Диваев жинаған мұралар ішінде көлемі 8 томдық “Манас” дастаны да бар. Диваев “Манас” дастанын ең ұзақ, энциклопедиялық жыр дей келіп, “Манас” батырдың атымен бүкіл қырғыз елінің өмірі мен тұрмысы жырланады” дейді. Диваев осы еңбегінде Орақ-Мамай, Ер Қосай сияқты қазақ батырларының да жырда кездесетінін айтып, оны қойы қоралас, ауылы аралас қазақ-қырғыз елінің мәдени қарым-қатынасының куәсі деп қарайды.

Диваев “қазақ” сөзінің шығу тарихы туралы да өз пікірін, білдіреді. Ол қазақтың тыю сөздері мен 70-ке тарта ырымдарын талдай келіп, олардың шығу тегіне, тәлімдік мәніне тоқталады. Бақсылардың кім екендігіне түсініктеме береді. Қазақтың “Ас иесімен тәтті”, “Айналайын” деген сөздердің этимологиясына талдау жасайды.



Ә.Диваев қазақ ойындары мен ойыншықтарының мән-мағынасына да талдау жасайды.

Жарты ғасыр өмірін қазақтың мәдени мұрасын жинауға, зерттеуге арнаған Ә.Диваевтың еңбегі туралы кезінде М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өлең, мақала жазып, жоғары бағалаған.

**Семенов—Тянь-Шанский.** Семенов-Тянь-Шанский (1827, қазіргі Липецк обл. Чаплыгин ауд., Урусово с. – 1914, Петербург) – орыс географы, статист, қоғам қайраткері, Петербург ҒА-ның құрметті мүшесі (1873).

Орыс географиялық қоғамының вице-председателі (1873-1914). Мемлекеттік совет мүшесі. Дворян тұқымы. 1848 ж. Петербург университетінің жаратылыстану бөлімін бітірді. 1849 ж. Шығыс Европада (Орыс жазығында) экспедициялық зерттеу жұмысын жүргізді. 1853-55 ж. Германия, Швейцария, Италия және Францияның географиясын, геологиясы мен экономикасын зерттеді.

К.Риттердің “Землеведение Азия” деген еңбегін Россияның Азиялық бөлігінің жаңа деректерімен толықтырып, орысшаға аударды.

1856-57 ж. Тянь-Шаньды зерттеп, алғашқы рет оның географиялық схемасын жасап, мұндағы биік зоналықты толық дәлелдеді. Осындағы ірі мұздықтарды ашты.

1851 жылы Семенов-Тянь-Шанский Тянь-Шань саяхатына шыққан кезінде Омбыда Шоқан Уәлихановпен танысып, оның болашақ ғылыми жұмыстарына бағыт сілтеді. Семенов Тянь-Шанскийдің кеңесімен Шоқан әйгілі Қашғар саяхатын жүзеге асырды. С-Т-Шанский сол жолы Верныйдан (Алматы) Іле Алатауы арқылы Ыстық көлге дейін зерттеп қайтады. Аса бай коллекциялар жинап, өсімдіктер мен жануарлардың бұрын белгісіз жүздеген түрлерін ашты. Оның басшылығымен Ш.Уәлихановтың, Н.М.Пржевальскийдің, Г.И.Потаниннің, И.Д.Черскийдің, В.А.Обручевтің т.б. экспедициялары ұйымдастырылды.

С-Т-Ш Россияда статистиканың дамуына көп еңбек сіңірді. 30 жылдан артық уақыт Россияның статистикалық басқармасына жетекшілік етті.

1864-74 ж. Орталық статистикалық комитеттің директоры, 1874-97 ж. Статистикалық советтің председателі, Россия статистерінің 1-съезін ұйымдастырды.

1897 ж. тұңғыш жаппай халық санағын жүргізді. “Живописная Россия” деген көпшілікке арналған көп томдық еңбекті редакциялауды басқарды. Орта және Орталық Азияда, Кавказда, Аляскиде, Шпицбергендегі түрлі географиялық объектілерге Семенов-Тянь-Шанскийдің есімі берілген.

**Затаевич Александр Викторович.** Александр Викторович Затаевич — композитор, этнограф, музыка және қоғам қайраткері.

А.В.Затаевич бұрынғы Волхов, қазіргі Орёл облысында 1869 ж. өмірге келген.

Ол алғашқы музыкалық білімін сол Орёл қаласындағы әскери гимназиядан алған. Біраз жыл бойы Варшава консерваториясы жанынан шығатын «Варшава күнделігі» аталатын газетте музыка рецензенті қызметін атқарып, орыс, батыс классиктерінің шығармаларын, сондай-ақ халық музыкасын насихаттаумен айналысқан.

Алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен танысуы.

Ол алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жж. басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап А. Затаевич өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол жатақханаларды, мектептерді, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, съезге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазады. Базар, театр, концерт орындарының фойелерінде кездескендердің бәрінен де жазып алады. Бала жасынан кіршіксіз еститін құлағы жасы елуден асқанша көрмеген елдің музыкасын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді.

Бірақ, өмірін музыкаға бағыштаған А.В. Затаевич әнді қалада отырып тек кездейсоқ келгендерден жазып отыруды жөн көрмеді, елге шықты, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды. Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді.

Қазақтың көл-көсір мұрасын жинақтауды өзіне парыз санаған жанның бірі. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылы қиын-қысталаң кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін музыка белгілерімен (нотамен) хатқа түсірген.

Халықтық кәсіби әнші-күйшілерінің шығармашылық қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. Ақан сері, Біржан сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет, т.б. шығармаларын алғаш рет Затаевич жарыққа шығарды. Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың “Қазақ халқының 1000 әні” (1-бас., 1925 ж., 2-бас., 1963 ж.), “Қазақтың 500 ән-күйі” (1931), “Песни разных народов” (1971), жарияланбаған “Қазақ музыкасының 3-томы” деп аталатын жинақтарында қазақ халқының классик. ән, күйлерінің үлгілері мол орын алған. Затаевичтің еңбектері арқылы қазақ музыкасы дүние жүзіне тарады, бүкіл Еуропа елдеріне жетті, алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. Мұнда қазақ музыкасының көптеген теориялық және тарихи мәселелерінің беті ашылды. Затаевичтің әрбір ән-күйге берген жеке талдауларының мәні зор. Халық композиторлары мен орындаушыларының шығарм-на берген мінездемелері де әлі өз бағасын жоғалтқан жоқ. Затаевич жинақтары қазақ халқының кәсіби музыкасының дамуына зор ықпал етті. Аталған жинақтардағы ән мен күйлер қазақтың кәсіби музыкалық жанрлары – опералық, симфониялық, камералық шығармаларында кеңінен пайдаланылды. Осы жинақтардағы ән-күйлерді қазақ композиторларымен бірге С.С. Прокофьев, Н.Я. Мясковский, М.М. Ипполитов-Иванов сынды орыс композиторлары да өз шығармаларында пайдаланды.

Композитор ретінде Затаевич қазақ музыкасының кейбір үлгілеріне фортепиано, аспапты ансамбльдермен қосылып айту үшін көптеген өңдеу жұмыстарын жүргізді. Затаевичтің “Қазақ музыкасы” атты фортепианолық шығармасы – кәсіби дәрежеде жазылған туынды. Ол 1925 – 27 жылдары фортепианолық пьесалар циклін жазды. Соның нәтижесінде “Халық тақырыбына жазылған миниатюралары” (1925), “Қазақтың халық әндері тақырыбы бойынша фортепианоға арналған пьесалары” (1927) жарық көрді. Қазақ халқының музыка мұрасын сақтап келген 500-ге жуық өнерпаздар – Майра Шамсудинова, Әміре Қашаубаев, Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, М.Бөкейханов пен Н.Бөкейханов, Ғ.Мұхитов пен Ш.Мұхитов, ғылым қайраткерлері Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Бөжеев, әдебиет және өнер қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, Ж.Шанин, т.б. өздері білетін ән, күйлерді Затаевичке айтып, жаздырды (қ. “Затаевичтің корреспонденттері”). Қазақтың Затаевич фольклорының жиналу дәстүрін қалыптастырып, одан әрі жалғастыруда А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Б., М.Төлебаев, Л.Хамиди және басқалардың еңбектері орасан зор.

Сөйтіп, 1920 көктемiнен бастап 1923 ж. аяғына дейiн, нағыз аш-жалаңаш жол қиындықтарына да қарамай, А. Затаевич қазақтың 1000 әнiн жинап нотаға түсiредi.

1925 ж. Мәскеуде «Қазақ халқының 100 әнi», және 1933 ж. «Қазақтың 500 әнiмен күйi» атты этнографиялық жинақтары жарыққа шықты.

А. Затаевич 1936 жылы Мәскеу қаласында дүние салды. А.В. Затаевичтiң жарқын бейнесi, оның қазақ халқының мәдениетi мен өнерiне сiңiрген еңбегi,

**Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы.** Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы (1892-1938) – режиссер, драматург, актер, ұлттық профессионалды театр өнерiнiң негiзiн салушылардың бiрi, қоғам және театр қайраткерi, Қазақ КСР-iнiң халық әртiсi.

Қазiргi Павлодар облысы Баянауыл ауданының Желтау маңында дүниеге келген. Алғашында ауыл молдасынан оқып, хат таныды. Жас кезiнен Ж.Шанин ұлттық ойын-сауықтар мен ән-күйлерге ынтық болып өскен. Әсiресе, Қоянды жәрмеңкесiне барып, халық думанын тамашалау – оның ой-қиялын қозғап, өнерге деген ынта-ықыласын арттырады. Туған нағашысы Алтыбайдан ән салып, домбыра тартуды үйрендi. 1913 жылы Омбыға келiп, күнкөрiс қамымен бiраз уақыт зауытта жұмыс iстейдi. Мұнда С.Сейфуллинмен, Н.Нұрмақовпен және Б.Серкебаевпен танысады, әрi өз бетiнше оқып бiлiмiн жетiлдiредi. 1915-1916 жылдары есепшiлiк курста оқып бiтiргеннен кейiн зауытта есепшiнiң көмекшiсi болып қызмет етедi. Осы жылдары алғаш рет қалалық театр спектакльдерiн көредi. Бiрақ көп ұзамай-ақ Ж.Шанин майдан жұмысына тартылады. Одан туған ауылына 1917 жылы оралды. Сол жылдан бастап Қарқаралының уездiк кооперативiнде есепшi қызметiн атқарды. 1921-1922 жылдары Павлодар уезi комитетiнiң мүшесi, 1922 жылы Зайсан уездiк атқару комитетiнiң төрағасы, 1923 жылдан Семей губерниясы атқару комитетiнiң және Қазақ КСР ОАК мүшесi болып, тағы басқада жауапты орындарда қызметтер атқарған.


Саяси-әлеуметтік және қоғамдық істерге белсене қатысу Ж.Шаниннің ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік, әрі жазушылық қызметіне игі ықпал жасады. 20-жылдары Семейде «Ес-аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік өнер жолын осы труппадан бастаған Ж.Шанин халық жыры негізінде жазылған өзінің «Арқалық батыры» мен С.Сейфулиннің «Қызыл сұңқарларын» қойды. Сонымен қатар өзі осы аталмыш спектакльдерде Арқалық батырдың және Еркебұланның рөлін орындады. Бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы 1925 жылы Семейдің «Таң» журналында жарияланды. 1925 жылы ашылған Қазақ драма театрының директоры болумен қатар оның көркемдік жағын басқарған.

Ж.Шанин Қазақстандағы тұңғыш ұлт театрының негізін салып, оны ұйымдастырып, сондай-ақ профессионалдық тұрғыда қалыптастырып, шығармашылық жағынан өсу жолында зор еңбек сіңірді. Алғашқы шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметінен бастап Ж.Шанин актерлер мәдениетін көтеруге, театр жұмысын белгілі бір жоспар бойынша жүргізуге, репертуардан тәрбиелік, һәм идеялық-көркемдік сапасы жоғары драмалық шығармалардың орын алуына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелер «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының әртістері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935) атты әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларында жан-жақты қамтылды.

1926-1932 жылдары қазақ драма театрында ұлттық драматургиядан С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын», С.Аблановтың «Күндеспейтін қатындар» мен «1910 жылын», Ж.Шаниннің «Болатын», І.Жансүгіровтің «Кегі» мен «Түрксібін», Б.Майлиннің «Майданын», М.Әуезовтің «Октябрь үшін» және классикалық туындылардан А.Пушкиннің «Тас мейманы» мен «Сараң серісін», У.Шекспирдің «Гамлетін», сонымен бірге өзі жазған «Торсықбай», «Арқалық батыр» (екі кешке арналған 2 бөлімді), «Айдарбек», «Баян батыр», «Өлімнен үмітке» («Шахта») тағы басқа шығармаларды қойған. Ұлттық төл туындыларды

қоюда ән-күйлер мен тұрмыс-салттық, этнографиялық бояуды мол қолданды. Драмалық шығармадағы белгілі бір дәуір тынысы мен оқиға орнын, оған қатысатын кейіпкерлердің мінез табиғатын айқындап ашуда пайдаланатын әр түрлі сахналық реквизитке (зат-бұйымдарға), декорация мен костюмге ерекше ден қойды. 1927 жылы бір топ өнер шеберлерін бастап, Мәскеуде өткен этнографиялық концертке қатысқан. 1932-1933 жылдары Қырғыз драма театрының бас режиссері болды. 1934 жылы ашылған музыкалық театрды (қазіргі Қазақтың опера және балет театры) Ұйымдастыруға қатысып, Қ.Жандарбековпен бірге Е.Г.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғынын» қойды. Осы музыкалық спектакльдер Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде жоғары бағаланды. 1936 жылға дейін осы театрдың көркемдік жағын басқарған Ж.Шанин алғашқы музыкалық театр өнерінің қалыптасып дамуына да мол үлес қосты. 1930-1937 жылдары Орал музыкалық драма театрын ұйымдастырумен бірге оған басшылық жасаған. Ол бірқатар пьесалар («Жанды сурет», «Қара құлын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Үш бажа») жазып, ұлттық драматургияны дамытуда жемісті еңбек етті.

Ж.Шанин қаламынан туған күрделі «Арқалық батыр» мен «Шахта» пьесасы 30 жылдары жаңа ұйымдаса бастаған көптеген қазақ театрларының (Семей драма театры, Қарағанды драма театры, Шымкент драма театры, Жамбыл драма театры) репертуарынан орын алды. Ж.Шанин халық би өнеріне де көңіл аударып, «Киіз басу», «Қоян-бүркіт», «Өрмек», «Шашу» тағы басқа секілді билерді музыкалық спектакльдерде пайдаланды. А.Затаевич, Д.Ковалев пен Л.Хамиди, Ж.Шаниннің орындауында бірқатар халық әндерін жазып алды. Өз тұсынан да ән-күйлерді нотаға түсірді. Ж.Шанин шығармашылығын М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов, тағы басқалар жоғары бағалаған.





**XIX-ғасырдың аяғы. Закаспий облысының картасы**





Группа киргизовъ и ихъ старшина Сансервьевъ.

**ВЪДОМОСТЬ**  
туземнаго населения Мангишлакского уѣзда по родамъ и отаѣлениямъ за 1905 года

	Число душъ обоего пола	Число семействъ
<b>Киргизы Адаевскаго рода:</b>		
Отдѣленіе: Алакаята . . . . .	13184	2488
Ташкыята . . . . .	13417	2671
Дашкеней . . . . .	11071	2080
Джары . . . . .	10944	2707
Туркменъ-таш . . . . .	6063	139
Курманъ-Уртенъ . . . . .	1445	302
Нарынъ-Батей . . . . .	1189	275
<b>Киргизы рода Бершъ:</b>		
Куакшъ . . . . .	1112	280
Каркытай . . . . .		
<b>Итого . . . . .</b>	<b>64966</b>	<b>12630</b>

**Туркмены племени Ходжа**

Ташкыята . . . . .	937	194
Дашкеней или родомъ Пелыра и Аблата . . . . .	3106	854
Доруншъ " " " " . . . . .	21	4
Дрезы " " " " . . . . .	26	4
<b>Итого . . . . .</b>	<b>4090</b>	<b>1056</b>
<b>ВСЕГО . . . . .</b>	<b>6987</b>	<b>1459</b>



Съезд киргизов по выбору биев



XX-ғасырдың екінші жартысында Маңғыстауда өлкетану ісіне зор еңбек қалдырған өлкетанушы - **Есбол Өмірбаев**

## ГЛОССАРИЙ – Түсіндірме сөздік

**Ауызша деректер** – аңыз, шежіре, жыр-эпос, мақал-мәтел, жырлар.

**Антропология** – адамның дене бітімін анықтайтын тарих саласы

**Антронимика** – кісі есімдері

**Археология** – өткен тарихты заттай дерек арқылы зерттеу.

**Геральдика** –елтаңба тану.

**Диаспора** – өз елінен тысқары жерде өмір сүретін этностық топ.

**Жазбаша тарихи деректер** – заңдар, мемлекеттік, сауда құжаттары, жылнама, тарихи жазба, сапарнама, әдеби шығармалар.

**Жылнама** – тарихты қағаз бетіне түсіру.

**Иероглиф** – сурет - жазу түрі (зат, жануар, өсімдік, құс суреті).

**Карта** – жер көлемінің кішірейтілген нұсқасы.

**Космонимия** – жұлдыз, планета атуларының мағынасы.

**Мұрағат** – құнды қолжазба, құжаттар сақталатын орын.

**Нумизматика** – тиын, құйма ақша, ақша айналымын зерттейтін тарих саласы.

**Ономастика** – атаулар тарихын зерттейтін ғылым.

**Теонимия** – құдайлар, аңыз кейіпкерлері атау – есімі.

**Тарихи дерек көздері** –ежелгі заманнан бүгінге дейінгі сақталған заттар, жазба мәліметтер.

**Топонимика** – жер-су атаулары.

**Этнонимика** – ру, тайпа, халық атаулары.

**Этнография** – халықтардың шығу тегі, рулық-тайпалық және әлеуметтік құрам т.б. зерттейтін ғылым.

## **Тарихи өлкетанудан бақылау сұрақтары:**

1. Тарихи өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттары мен салалары.
2. Тарихи өлкетанудың зерттеу әдістері.
3. Тарихи өлкетанудың басқа ғылым салаларымен байланысы.
4. Жазба деректер мен ескерткіштердің түрлері.
5. Археологиялық деректердің өлкетануда атқаратын рөлі.
6. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері.
7. Археологиялық жазба жұмыстарынан табылған материалдарды өңдеу әдістері.
8. Археологиялық материалдарды мектептегі өлкетану жұмыстарына пайдалану тәсілдері.
9. ОГҚ мүшесі Затаевичтің еңбегі.
10. Ш. Уәлихановтың өлкетанушылық қызметі.
11. Этнографиялық деректердің өлкетанудағы рөлі.
12. Жазба деректердің өлкетануда атқаратын рөлі.
13. Палеографияның өлкетанудағы рөлі.
14. Тарихи өлкетанудағы топонимика ғылымының атқаратын қызметі.
15. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.
16. Тарихи мәдени ескерткіштер.
17. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы.
18. Статистикалық комитеттер, олардың өлкетанушылық қызметі.
19. Г. Н. Потаниннің, Седельниковтың өлкетанушылық жұмыстары.
20. Қазақстанның тарихи географиялық сипаты.
21. Қазақстанда мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау.
22. Қазақстан территориясындағы ортағасыр қалалары.
23. Қазақстанда зерттеу қоғамының пайда болуы, мақсаты.
24. Сәулет өнері ескерткіштері.
25. Қазақстанды зерттеу қоғамы: С.Ж. Асфендияров.
26. Бірінші өлкетану конвенциясы, мақсаты, бағыты (1924)
27. Өлкетану мұражайларының жұмысы.
28. Тарихи өлкетанудағы демократиялық бағыт (Небольсин, Семенов Тянь-Шаньский).
29. Орыс географиялық қоғамының қызметі.
30. Қазақстан орыс географиялық қоғамдарының ашылуы.
31. Өлкелік мұражай ісінің дамуы.
32. Шығыс авторларының Қазақстан тарихы туралы мәліметтер.

33. Тарихи өлкетанудағы демократиялық бағыт Ш. Уәлихановтың еңбегі.
34. Шығыс авторларының Қазақстан тарихы туралы деректер.
35. XIX ғасыр аяғы XX ғасыр басы қазақ демократиясының өкілдері, олардың өлкетану ісінің дамытудағы рөлі.
36. Қазақстандағы рухани міндет. Фольклор.
37. Сәулет өнері ескерткіштері.
38. Қазақстандағы өлкетанудың дамуы.
39. Қазақстандағы тарихи және ескерткіштерді қорғау.
40. Орыс зерттеушілері және олардың Қазақстан тарихын зерттеудегі рөлі.
41. Тарихи өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттары мен салалары.
42. Тарихи өлкетанудың зерттеу әдістері.
43. Тарихи өлкетанудың басқа ғылым салаларымен байланысы.
44. Жазба деректер мен ескерткіштердің түрлері.
45. Археологиялық деректердің өлкетануда атқаратын рөлі.
46. Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының негізгі кезеңдері.
47. Археологиялық жазба жұмыстарынан табылған материалдарды өңдеу әдістері.
48. Археологиялық материалдарды мектептегі өлкетану жұмыстарына пайдалану тәсілдері.
49. ОГҚ мүшесі Затаевичтің еңбегі.
50. Ш. Уәлихановтың өлкетанушылық қызметі.
51. Этнографиялық деректердің өлкетанудағы рөлі.
52. Жазба деректердің өлкетануда атқаратын рөлі.
53. Палеографияның өлкетанудағы рөлі.
54. Тарихи өлкетанудағы топонимика ғылымының атқаратын қызметі.
55. Тарихи өлкетанудағы демографиялық деректердің маңызы.
56. Тарихи мәдени ескерткіштер.
57. Қазақстанда өлкетану жұмыстарының басталуы.
58. Статистикалық комитеттер, олардың өлкетанушылық қызметі.
59. Г. Н. Потаниннің, Седельниковтың өлкетанушылық жұмыстары.
60. Қазақстанның тарихи географиялық сипаты.
61. Қазақстанда мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау.
62. Қазақстан территориясындағы ортағасыр қалалары.
63. Қазақстанда зерттеу қоғамының пайда болуы, мақсаты.
64. Сәулет өнері ескерткіштері.
65. Қазақстанды зерттеу қоғамы С. Ж. Асфендияров.
66. Бірінші өлкетану конвенциясы, мақсаты, бағыты (1924)

67. Өлкетану мұражайларының жұмысы.
68. Тарихи өлкетанудағы демократиялық бағыт (Небольсин, Семенов Тянь-Шаньский).
69. Орыс географиялық қоғамының қызметі.
70. Қазақстан орыс географиялық қоғамдарының ашылуы.
71. Өлкелік музей ісінің дамуы.
72. Шығыс авторларының Қазақстан тарихы туралы мәліметтер.
73. Тарихи өлкетанудағы демократиялық бағыт Ш. Уәлихановтың еңбегі.
74. Шығыс авторларының Қазақстан тарихы туралы деректер.
75. ХІХ ғасыр аяғы ХХ ғасыр басы қазақ демократиясының өкілдері, олардың өлкетану ісінің дамытудағы рөлі.
76. Қазақстандағы рухани міндет. Фольклор.
77. Сәулет өнері ескерткіштері.
78. Қазақстандағы өлкетанудың дамуы.
79. Қазақстандағы тарихи және ескерткіштерді қорғау.
80. Орыс зерттеушілері және олардың Қазақстан тарихын зерттеудегі рөлі.
  
81. ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ Ғылым Академиясының Маңғыстау мен Үстірт аумағындағы археологиялық экспедициялары
82. ХІХ ғасырдағы және ХХ ғасырдың басындағы орыс және еуропа зерттеушілерінің Маңғыстау мен Үстірттегі зерттеулері.
83. Тарихи-мәдени ескерткіштер
84. Архитектуралық ескерткіш. Маңғыстаудың архитектуралық ескерткіштері
85. Кеңес заманына дейін Маңғыстаудың тарихы.
86. Маңғыстау түбек халқының басты шаруашылығы мен өзге де кәсіпшілігі
87. Маңғыстау – «киелі аймақ»
88. Маңғыстау 362 әулиенің мекені
89. Бекет атаның ерекше қасиеттері
90. Маңғыстау мешіттері мен медреселері
91. Маңғыстау атауының шығу тарихы
92. Иса-Досанның патшаға қарсы көтерілісі
93. Атырау-Маңғыстау өңірінде ақындық өнерді дамытқандар
94. Адайдың бес жүйрігі
95. Адайдың жеті қайқысы
96. Этнография. Этнографиялық терминдер. Этнографиялық материалдарды жинау әдістері.
97. Маңғыстау этнографиясының ерекшеліктері.

98. Маңғыстаудағы су көздері
99. Археологиялық жұмыстар. Археологиялық ескерткіштер.
100. Жазба түпдеректер мен ауызша түпдеректер.
101. Маңғыстаудың зерттелінуі
102. Карелин экспедициясының қызметі.
103. Маңғыстаудағы орыстардың алғашқы бекінісі
104. Т.Г.Шевченконың, Б.Залесскийдің Маңғыстауда болуы
105. «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстау» тарихы
106. Маңғыстау туралы алғашқы деректер.
107. Мектепте өлкетану жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары
108. Фольклорды жинау жұмыстары
109. Ономастика. Топонимика және антропонимика.
110. XX ғ. соңы мен XXI ғ. басындағы Маңғыстау аумағындағы жаңа археологиялық ашылулар
111. Археологиялық қазба жұмыстары
112. Археологиялық зерттеу жұмыстарының әдістері
113. Археологиялық ескерткіштерді қорғау
114. Тарихи өлкетану пәні нені зерттейді
115. Тарихи өлкетану курсының негізгі мақсаты
116. Тарихи өлкетанудың тәрбиелік және білімдік маңызы
117. Қазақстанды зерттеудегі ғылыми экспедициялар
118. Түпдеректер дегеніміз не? Жеке-жеке түсінік бер
119. Тарихи –мәдени ескерткіштердің қандай түрлері бар?
120. Тарихи ескерткішке не жатады?
121. Археология ескерткіштері дегеніміз не?
122. Архитектура мен құрылыс ескерткіштері дегеніміз не?
123. Өнер ескерткіштеріне не жатады?
124. Документалды ескерткіштер дегеніміз не?
125. Қазақстан территориясындағы алғашқы археологиялық жұмыстар қашан басталды?
126. Археологиялық қазба жұмысына рұқсатты кім береді
127. Рұқсаттың қандай түрлері бар
128. Ескерткіштерді белгілеу, пайдалану, жұмыстары қалай жүзеге асырылады
129. Ескерткіштерді қорғау жұмыстары қалай жүзеге асырылады
130. Ағаш архитектураны қалай түсінесің, мысал келтір
131. Тас және топырақтан жасалған архитектура қай кезеңге тән
132. Кеңестік архитектураға не нәрсе тән



133. Бейнелеу өнерінің пайда болуы және дамуы
134. Ертедегі Қазақстан жеріндегі бейнелеу өнерінен мысалдар келтір
135. Топонимика туралы түсінік
136. Этнографиялық терминдер мен деректер
137. Этноматериалдарды жинау әдістері
138. Қолөнер ескерткіштеріне не жатады
139. Жазба туралы қысқаша мағлұмат
140. Арабша, латынша, кириллица жазба туралы түсінік
141. Кітаптың шығуы туралы түсінік
142. Баспасөзге не жатады?
143. Қазақстандағы алғашқы баспасөздер
144. «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстау» дегенді қалай түсінесің?
145. Маңғыстау туралы алғашқы деректер қашан айтылған?
146. Маңғыстауға алғашқы келген экспедициялар туралы айт
147. «Мұрағат қоры» деген не?
148. Экспозиция туралы түсінік
149. Мұрағат қоймаларына қойылатын міндетті талаптар
150. Мұражайлардың түрлері туралы түсінік
151. Мұражай қорларын жасақтау
152. Мұрағат құжаттарын пайдалану және жариялау
153. Мұрағат қорын жасақтау
154. Мектептегі өлкетану жұмысының түрлері
155. Мектептегі мұражайды жасақтаудың әдістері және маңызы
156. Тарихи өлкетану туралы түсінік
157. Өлкетанудың түпдеректері
158. Қазақстанды және Маңғыстауды зерттеудегі ғылыми экспедициялар
159. Тарихи және мәдени ескерткіштер
160. Өлкетануды зерттеудегі археологиялық түпдеректер
161. Этнография және оның дамуы. Этнографиялық материалдар.

## «Тарихи өлкетану» пәнінен тест тапсырмаларының сұрақтары:

1. Алғашқы жазу – сызу қашан пайда болды?

- A) 1 мың жыл бұрын.
- B) 5 мың жыл бұрын.
- C) 4 мың жыл бұрын
- D) 7 мың жыл бұрын.

2. Кітап басу ісі кімнің есімімен байланысты?

- A)Макарии
- B)Иоганн Гутенберг
- C)Иван Федоров
- D)Новиков

3.Тарихи өлкетану пәні нені зерттейді?

- A)Мәдени мұраларды зерттеу.
- B)Тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу
- C)Өлкенің экономикасын зерттеу.
- D)Нақты бір территорияны жан-жақты зерттеу.

4.Өлкетанудың зерттеу объектісі не?

- A)Өлкенің әлеуметтік –экономикалық, саяси, тарихи, мәдени дамуы және табиғи ерекшеліктері.
- B)Өлкенің мәдени мұралары
- C)Өлкенің Тарихи-мәдени ескерткіштері
- D)Өлкенің экономикасы.

5.Археологиялық ескерткіштерге не жатады?

- A)Қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, құбырлар, тас мүсіндер.
- B)Архитектуралық комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше
- C)Монументалды, сурет, қолөнер бұйымдары.
- D)Жазба, ескі қолжазба, графикалық, кинофотокұжаттар, ұнтаспа, баспа, сирек кездесетін баспа.

6.Құрылыс және архитектура ескерткіштеріне не жатады?

- A)Қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, құбырлар, тас мүсіндер.

- В) Архитектуралық комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше
- С) Монументалды, сурет, қолөнер бұйымдары.
- Д) Жазба, ескі қолжазба, графикалық, кинофотоқұжаттар, ұнтаспа, баспа, сирек кездесетін баспа.

7. Өнер ескерткіштеріне не жатады?

- А) Қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, құбырлар, тас мүсіндер.
- В) Архитектуралық комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше
- С) Монументалды, сурет, қолөнер бұйымдары.
- Д) Жазба, ескі қолжазба, графикалық, кинофотоқұжаттар, ұнтаспа, баспа, сирек кездесетін баспа.

8. Құжаттық ескерткіштерге не жатады?

- А) Қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, құбырлар, тас мүсіндер.
- В) Архитектуралық комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше
- С) Монументалды, сурет, қолөнер бұйымдары.
- Д) Жазба, ескі қолжазба, графикалық, кинофотоқұжаттар, ұнтаспа, баспа, сирек кездесетін баспа.

9. Археологиялық қазба жасауға берілетін рұқсат қағаз қалай аталады?

- А) Жабық қағаз.
- В) Арнаулы қағаз
- С) Ашық бет
- Д) Арнаулы рұқсат қағаз.

10. Этнография ғылымы нені зерттейді?

- А) Халықтың тұрмысы, салты мен мәдениетін зерттейтін ғылым
- В) Халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттейтін ғылым
- С) Халықтың мәдени мұраларын зерттейтін ғылым
- Д) Халықтың тарихын зерттейтін ғылым.

11. Мәдениет деген не?

- А) Халықтың мәдени мұрасы
- В) Табиғаттан өзгеше адамның өз қолымен жасаған нәрсенің бәрі.
- С) Белгілі бір уақытта пайда болған заттар
- Д) Халықтың әлеуметтік-экономикасы

12. Этнос деген не?

- A) Халықтың тұрмысы, салты мен мәдениеті
- B) Халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы
- C) Халықтың мәдени мұралары
- D) Шығу тегі, мәдениеті, тілі бір халық

13. Этнографиялық құжаттарды жинаудың қандай әдістері бар?

- A) Стационарлық және маусымдық
- B) Жылдық және мезгілдік
- C) Рухани және материалдық
- D) Салт-дәстүрлік және фольклорлық

14. Этнографиялық материалдарды классификациялау үшін қандай әдістер қолданылады?

- A) Географиялық, шаруашылық, мәдени, лингвистикалық..
- B) Тарихи, мәдени
- C) Экономикалық, әлеуметтік
- D) Экономикалық, географиялық.

15. Нәсіл деген не?

- A) Халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы
- B) Халықтың мәдени мұралары
- C) Шығу тегі, мәдениеті тілі бір халық
- D) Физикалық түр ұқсастығы бар, шығу тегі бір белгілі бір территорияны мекендейтін халықтың жиынтығы.

16. Мұражайлық заттар деген не?

- A) Болған тарихи процестер мен құбылыстардың түпнұсқалық жәдігерлері
- B) Қалашықтар, қорғандар, ежелгі бекініс, өндіріс, құбырлар, тас мүсіндер.
- C) Архитектуралық комплекстер, тарихи орталықтар, квартал, алаң, көше
- D) Монументалды, сурет, қолөнер бұйымдары.
- E) Жазба, ескі қолжазба, графикалық, кинофотоқұжаттар, ұнтаспа, баспа, сирек кездесетін баспа.

17. Қазақстандағы алғашқы мұражай қашан, қай жерде ашылды?

- A) 1918 жылы Алматыда
- B) 1831 жылы Орынборда

- C) 1913 жылы Семейде
- D) 1927 жылы Ақтөбеде
- E) 1900 жылы Верныйда

18. «Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ жоқ», - деген даналық сөз кімдікі?

- A) М. Әуезов
- B) С. Мұқанов
- C) Ғ.Мүсірепов
- D) А.Байтұрсынов
- E) Ж.Жабаев

19. Мұрағатта температуралық режим қандай өлшеуіш құралмен өлшенеді?

- A) Гигрометр
- B) Термометр
- C) Градусник
- D) Хронометр
- E) Фонендоскоп

20. Мұрағатта ылғалдылық режим қандай өлшеуіш құралмен өлшенеді?

- A) Гигрометр
- B) Термометр
- C) Градусник
- D) Хронометр
- E) Фонендоскоп

21. Мұрағат қоймасының орташа температурасы қандай болуы қажет?

- A) + 12-+15С
- B) + 10-+15С
- C) + 5-+10С
- D) +15-+20С
- E) +0-+5С

22. Мұрағат қоймасының орташа ылғалдылығы қандай болуы қажет?

- A) 40-60%
- B) 20-30%
- C) 25-35%

- D) 35-40%
- E) 45-60%

23. Мұрағат қоймасында қанша өрт сөндіргіш құрал болуы қажет?

- A) әрбір 40 ш.м.-ге бір құрал
- B) әрбір 50 ш.м.-ге бір құрал
- C) әрбір 60 ш.м.-ге бір құрал
- D) әрбір 35 ш.м.-ге бір құрал
- E) әрбір 30 ш.м.-ге бір құрал

24. Маңғыстау облысының жерінің жалпы көлемі қанша?

- A) 15,7млн. га
- B) 13,7млн. га
- C) 16,7млн. га
- D) 12,7млн. га
- E) 10,7млн. га

25. Маңғыстау облысының жайылымдық жерінің жалпы көлемі қанша?

- A) 15,7млн. га
- B) 13,7млн. га
- C) 16,7млн. га
- D) 12,7млн. га
- E) 10,7млн. га

26. Маңғыстау туралы алғашқы деректер кімнің еңбектерінде кездеседі?

- A) Қыдырғали Жалаири
- B) Махмұд Қашқари
- C) Жүсіп Баласағұн
- D) әл-Истахри
- E) Ибн әл Асир

27. «Маңғышлақ –Хорезмнің ең батысындағы Орыс, Саксин және Хорезммен шектес арадағы мықты бекініс қамал», -деп жазған кім?

- A) парсы Якут
- B) Махмұд Қашқари
- C) Жүсіп Баласағұн
- D) әл-Истахри

Е) Ибн әл Асир

28. Маңғыстау туралы деректер алғаш қай жылдары жазылған?

- А) XII-ғасыр
- В) 930-933 жылдар
- С) XI-ғасыр
- Д) УШ-ғасыр
- Е) IX-ғасыр

29. ХУ-ғасырда негізінен Маңғыстауды кімдер мекендеді?

- А) қалмақтар
- В) түрікпендер
- С) ноғайлар
- Д) қазақтар
- Е) сақтар

30. ХУІІ-ХУІІІ ғасырларда негізінен Маңғыстауды кімдер мекендеді?

- А) қалмақтар
- В) түрікпендер
- С) ноғайлар
- Д) қазақтар
- Е) сақтар

31. ХІХ ғасырда Маңғыстауды кімдер мекендеді?

- А) қалмақтар
- В) түрікпендер
- С) ноғайлар
- Д) қазақтар
- Е) сақтар

32. Маңғыстауға ең бірінші келген европалық саяхатшы кім еді?

- А) Дженкинсон
- В) Г.Карелин
- С) полковник Ф.Берг
- Д) Е.Майер
- Е) Л.И.Голенищева -Кутузова

33. Каспий-Арал өңірінің алғашқы атласын жарыққа шығарған кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) полковник Берг
- D) Е.Майер
- E) Л.И.Голенищева -Кутузова

34. Хиуаға қарсы әскери жорыққа географиялық, тарихи, саяси мәліметтер жинау үшін Маңғыстауға экспедициямен келген кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) полковник Ф.Ф.Берг
- D) Е.Майер
- E) Л.И.Голенищева -Кутузова

35. География ғылымының тарихында алғаш Каспий, Арал теңіздерінің деңгейлерін өлшеген кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) полковник Ф.Ф.Берг
- D) Е.Майер
- E) Л.И.Голенищева –Кутузова

36. Маңғыстау мен Үстірт өңірінде мұнайдың бар екендігі туралы алғашқы деректер қай экспедицияның материалдарында бар?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) поковник Берг
- D) Е.Майер
- E) Л.И.Голенищева -Кутузова

37. Кавказ, Астрахань бетінен келетін әскерге қолайлы жер тауып, бекініс салу үшін алғаш келген кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) поковник Берг
- D) Е.Майер



Е) Л.И.Голенищева -Кутузова

38. Карелин әскери бекініс салуға алғаш ыңғайлы деп тапқан жер?

- А) Қызылтас мүйісі
- В) Сартас
- С) Түпқараған түбегі
- Д) Бозашы түбегі
- Е) Үстірт

39. Алғашқы Ново-Александровск қамалы қай жерде салынды?

- А) Қызылтас мүйісі
- В) Сартас
- С) Түпқараған түбегі
- Д) Бозашы түбегі
- Е) Үстірт

40. Жаңа қамал салуға Түпқараған түбегін қолайлы деп тапқан кім?

- А) Ширков пен Бодиско
- В) Г.Карелин
- С) полковник Берг
- Д) Е.Майер
- Е) Л.И.Голенищева –Кутузова

41. Түпқараған қамалының құрылысын кім жүргізді?

- А) В.А.Обручев
- В) Г.Карелин
- С) инженер- капитан Геннерих
- Д) Е.Майер
- Е) Л.И.Голенищева –Кутузова

42. Ново-Петровск қамалы қанша уақытта салынып бітті?

- А) 1 жылда
- В) 2 жылда
- С) 5 айда
- Д) 2 айда
- Е) 10 айда

43. Ново-Петровск қамалы қашан салынып бітті?

- A) 1836 жылы
- B) 1840 жылы
- C) 1846 жылы
- D) 1885 жылы
- E) 1860 жылы

44. Маңғыстауды зерттеген атақты геолог кім?

- A) В.А.Обручев
- B) Г.Карелин
- C) инженер- капитан Геннерих
- D) Е.Майер
- E) Н.И.Андрусов

45. Маңғыстау түбегінің геологиялық картасын жасаған кім?

- A) В.А.Обручев
- B) Г.Карелин
- C) В.В.Мокрынский
- D) Е.Майер
- E) Н.И.Андрусов

46. 1937-41жж., 1947-1949жж. Маңғыстауда геологиялық зерттеу жұмысын басқарған кім?

- A) В.А.Обручев
- B) Г.Карелин
- C) В.В. Мокрынский
- D) Е.Майер
- E) Н.И.Андрусов

47. Маңғыстау әкімшілік-аумақтық басқару дистанциясына қашан бөлінді?

- A) 1846 жылы
- B) 1848 жылы
- C) 1850 жылы
- D) 1867 жылы
- E) 1900 жылы

48. Маңғыстау приставтығы қашан құрылды?

- A) 1846 жылы
- B) 1848 жылы
- C) 1850 жылы
- D) 1869 жылы
- E) 1881 жылы

49. Маңғыстау Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Закаспий облысының құрамына қашан кірді?

- A) 1846 жылы
- B) 1848 жылы
- C) 1850 жылы
- D) 1867 жылы
- E) 1899 жылы

50. Маңғыстау өлкесі Қазақ (Қырғыз) АКСР-ның құрамына қашан кірді?

- A) 1946 жылы
- B) 1848 жылы
- C) 1920 жылы
- D) 1867 жылы
- E) 1900 жылы

51. Хиуаға қарсы әскери жорыққа географиялық, тарихи, саяси мәліметтер жинау үшін Маңғыстауға экспедициямен келген кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) полковник Ф.Ф.Берг
- D) Е.Майер
- E) Л.И.Голенищева -Кутузова

52. География ғылымының тарихында алғаш Каспий, Арал теңіздерінің деңгейлерін өлшеген кім?

- A) Дженкинсон
- B) Г.Карелин
- C) полковник Ф.Ф.Берг

D) Е.Майер

Е) Л.И.Голенищева –Кутузова

53. Маңғыстау мен Үстірт өңірінде мұнайдың бар екендігі туралы алғашқы деректер қай экспедицияның материалдарында бар?

A) Дженкинсон

B) Г.Карелин

C) поковник Берг

D) Е.Майер

Е) Л.И.Голенищева -Кутузова

54. Кавказ, Астрахань бетінен келетін әскерге қолайлы жер тауып, бекініс салу үшін алғаш келген кім?

A) Дженкинсон

B) Г.Карелин

C) поковник Берг

D) Е.Майер

Е) Л.И.Голенищева -Кутузова

55. Алғашқы Ново-Александровск қамалы қай жерде салынды?

A) Қызылтас мүйісі

B) Сартас

C) Түпқараған түбегі

D) Бозашы түбегі

Е) Үстірт

56. Жаңа қамал салуға Түпқараған түбегін қолайлы деп тапқан кім?

A) Ширков пен Бодиско

B) Г.Карелин

С) полковник Берг

Д) Е.Майер

Е) Л.И.Голенищева –Кутузова

57. Маңғыстауды зерттеген атақты геолог кім?

А) В.А.Обручев

В) Г.Карелин

С) инженер- капитан Геннерих

Д) Е.Майер

Е) Н.И.Андрусов

## Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ашурков В.Н., Кацюба Д.В., Матюшин Е.Н. «Историческое краеведение», М. 1980г.
2. Пронштейн А.П., Кияшко В.И. «Тарихи қосалқы пәндер», А. 1978ж.
3. Акишев К.А., Байпаков К. «Вопросы археологии Каз-на», А. 1979г.
4. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К. «Древняя культура центрального Каз-на», А. 1989ж.
5. Востров В.В., Захаров И.В. «Казахское народное жилище», А. 1989г.
6. Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. «Әлем халықтарының этнологиясы», А. 2002ж.
7. Рахимжанов К., Қайран Д. «Музей ісінің теориясы мен практикасы», А. 2002ж.
8. Ахметова С.Ш. «Исторические краеведение в Каз-не», А. 2002г.
9. Саходин А.П., Грушевицкая Т.Г. «Этнология», М. 2000г.
10. Конкошбаева Г.К. «Словарь казахских географических названий»
11. Абдрахманов А. «Қазақстан этнотопонимикасы», А. 1978ж.
12. Жанұзақов Т. «Очерки казахской ономастики», А. 1982г.
13. Круглов Ю.Г. «Фольклорная практика», М. 1979г.
14. Мурзаев Э.М. «Очерки топонимикасы», М. 1979г.
15. Мукашева З.А. «Этюды о культуре», М. 1986г.
16. Строев К.Ф. «Краеведение», М. 1974г.
17. Керімбаев С. «Атаулар сыры», А. 1994ж.
18. Еремеев Д.С. «Этногенез тюрк», А. 1971г.
19. «Қазақ совет энциклопедиясы».
20. Маңғыстау тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Ақтау, 2006
21. П.П.Иванов. Очерки по истории Средней Азии М., 1978;
22. «Маңғыстау». Энциклопедия. Алматы 1997;
23. А.Марданов. «ХІХ ғасырдағы Маңғыстау өлкесінің Кеңестік дәуірге дейінгі зерттелу тарихы» Өлке тарихының өзекті мәселелері. Атырау, 2001;
24. Ғ.Теміртасов. Маңғыстау мирасы. А.,1995;
25. М.Нығметуллаев. Тарихтың тағылымы – келешектің даңғылы А., 2000;
26. Т.Төлепбергени. Өлке тарихының өзекті мәселелері Атырау, 2001;
27. Қ.Сыдықов. Бекет ата. А.,1996;

- 28.С.Назарбекұлы. Маңғыстаудың ойында 362 әулие. «Маңғыстау»  
26.04.1993;
- 29.Архитектурные памятники Мангышлака. Шевченко, 1978;
- 30.С.Назарбекұлы. Маңғыстаудың ойында 362 әулие. «Маңғыстау»  
26.04.1993;
- 31.Жемчужина Каспия А.,2003;
- 32.Летопись города Актау. А., 2003;
- 33.С.Қондыбаев. Маңғыстау географиясы А., 1997;